№127-128
(20601-20602)

# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

24 тамыз, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевты қабылдады.

Президентке Маңғыстау облысының биылғы 7 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және алдағы жоспарлары баяндалды.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев Мемлекет басшысына есепті кезең ішінде өңірде жалпы сомасы 5,3 миллиард теңге болатын 6 инвестициялық жоба іске қосылғанын айтты. Жалпы, қаңтар-шілде айларында өңірдің негізгі капиталына бағытталған инвестиция көлемі 523 миллиард теңгені құрады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына ауызсу тапшылығын шешуге қатысты тапсырмасының орындалу барысы туралы мәлімет берілді. Бұл мәселені кезең-кезеңімен шешу үшін облыста 2025 жылға дейін 6 жоба жүзеге асырылады. Нәтижесінде тұщытылған судың көлемін 146 мың текше метрге дейін арттыруға мүмкіндік туады.

Сондай-ақ Президентке Ақтау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жетілдіру және инженерлік инфрақұрылымын қалыпқа келтіру, Маңғыстау атом энергетикалық комбинатына (МАЭК) күрделі жөндеу жүргізу мәселелері жөнінде баяндалды.

МАЭК-ке жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін биыл 9,4 миллиард теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде 6,8 миллиард теңге МАЭК-тің инвестициялық бағдарламалары аясында, ал 2,6 миллиард теңге Маңғыстау облысы әкімдігінің резервінен бөлінді. Бұған қоса, Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет резервінен қажетті қондырғыларды сатып алу үшін 4,9 миллиард теңге қаржы қарастырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы облыс әкіміне Маңғыстау өңірі энергетикалық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары аясындағы міндеттерді іске асыруды тапсырды.

## «БРИКС плюс» диалогы отырысына қатысады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 24 тамызда, яғни бүгін Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Сирила Рамафосаның шақыруымен 15-ші БРИКС саммиті аясында Йоханнесбургте өтетін мемлекеттер басшыларының «БРИКС плюс» диалогы отырысына бейнебайланыс арқылы қатысады.

Жиында Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы ретінде сөз сөйлейді.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## ЖАУАПТЫ НАУҚАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқаны, жем-шөп дайындау барысы, алдағы жылу маусымына дайындық мәселелері қаралды.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің баяндауынша, биыл егін орағын уақытылы бастауға мүмкіндік бар. Бүгінде республика бойынша 2,4 млн гектар немесе 14,1% дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды. Орта түсім гектарына 11,5 центнер болып, 2,8 млн тонна астық бастырылды. Биыл жалпы 24 млн гектар алқапта ауыл шаруашылығы дақылдары жиналмақ.

Алдағы жылу маусымына дайындық барысы туралы Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағанбетов баяндама жасап, бекітілген кестеге сәйкес еліміздің электр стансаларында 10 энергоблокты, 49 қазандықты және 54 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланғанын айтты. Қазір 4 энергия блогында, 24 қазандықта және 15 турбинада жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Ә.Смайылов жиынды қорытындылап, жоспарланған жұмыстарды мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Үкімет отырысынан кейін Премьер-министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында өткізілген мәжілісте сала басшыларына дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізіп, жылу беру маусымын кедергісіз бастау міндеті жүктелді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешев және «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Бауыржан Асқаровпен кездесіп, аймақтың энергетика саласындағы өзекті мәселелерін талқылады. Алдымен аймақ басшысы Бауыржан Бекзатханұлын «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы лауазымына тағайындалуымен құттықтап, қызметіне сәттілік тіледі.



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

– Қазір елді мекендерді «көгілдір отынмен» қамту бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Өңірдің газдандыру деңгейі 72 пайызға жетті. Биыл газдандыру бойынша 26 жобаны жүзеге асыруға бюджеттен 8,6 млрд теңге қаржы бөлінген. 10 жобаны жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Нәтижесінде 12 елді мекен тұрғындары табиғи газ тұтыну мүмкіндігіне ие болады.

«QazaqGaz» ұлттық компаниясының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін де атап өткен жөн. Компанияның инвестициялық бағдарламасы аясында 25 млрд теңгеге 4 аудан орталығы, яғни Арал қаласы мен Әйтеке би, Шиелі, Жаңақорған кенттері, Байқоңыр қаласы және басқа да елді мекендер газдандырылып, бүгінде халық игілігін көруде, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Дегенмен, газдандыру саласында шұғыл шешуді қажет ететін бірқатар түйткілдер бар. Кездесу барысында коммуналдық меншіктегі газбен жабдықтау нысандарын пайдаланушы ұйымдардың теңгеріміне беру, компания филиалының аудандарда апаттық-диспетчерлік қызметін құру, тұтынушылардың қарызын азайту және Қызылорда қаласындағы қуаттылығы 240 МВт құрайтын жаңа бу-газ қондырғысының құрылысы мәселелері талқыланды. Аймақ басшысы олардың шешім табуы аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізетінін атап айтты.

## ЖАРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢҒЫРТУДАН ӨТУДЕ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның жаңғыртылған және қайта қалпына келтірілген нысандарына баспасөз туры өтті. Оған облыстық мәслихат депутаттары, «Аманат» партиясы өкілдері, қоғамдық бірлестік басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

**Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»**



Іс-шараның мақсаты – тарифтің ашықтығын қамтамасыз ету. Себебі, тұтынушылар арасында жарықтың жиі сөнетініне, тарифке, электр энергиясының сапасына қатысты наразылықтар туындап жатады. Дегенмен, мәселеге қатысты атқарылып жатқан жоспарлы жұмыстар да жетерлік.

Айталық, облыс бойынша «ҚЭТТК» АҚ теңгерімінде 10 мың шақырымнан астам электр желілері мен 1800-ге жуық қосалқы трансформаторлық станция бар. Бүгінгі таңда осы электр желілерінің 68 пайызының тозығы жеткен.

Баспасөз туры қатысушылары алдымен «ҚЭТТК» АҚ мекемесінде болып, желілерді жаңғырту бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Компания активтерінің сенімділігін қолдау, техникалық қайта жарақтандыру мақсатында Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мен облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бірлескен бұйрығымен меншікті және бюджеттік қаражаты есебінен жалпы сомасы 3213 млн теңгеге 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы бекітілген.

Қалалық электр тарату тораптары басқармасы директоры Ерболат Кәленовтің айтуынша, былтыр бағдарламаны іске асыру барысында облыс орталығында бірқатар жұмыс атқарылған.

– Қызылорда қаласында 582 қосалқы станса бар. «ҚЭТТК» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында 33,5 шақырым электр желілері жаңартылды. №9 орталық тарату пунктінің бірінші секциясында құрылғыларды толық алмастыру жұмыстары жүргізілді. Оған қоса, 762 дана электр есептегіштері ауыстырылып, АСКУЭ бағдарламасына енгізілді. Жаңа бағдарлама интернет арқылы барлық көрсеткіштерді алып отырады, – дейді Ерболат Кәленов.

Инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау электр жабдықтарының сенімділігі мен жұмысқа қабілеттілігін жақсартуға, электр желілерінің тозуын азайтуға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Баспасөз туры қатысушылары мекемеге қарасты №9 орталық тарату пунктіне де барып, жаңғыртылған нысан жұмысын көрді. Жиырма жылдан астам уақыт жұмыс істеп тұрған нысан өткен жылы жаңғыртудан өтіп, құрылғыларының жартысы жаңасына ауыстырылған.

– Биыл жыл соңына дейін мұндағы құрылғылар толық жаңартылып, ескі ажыратқыштар заманауи вакуумдық ажыратқыштармен ауыстырылады. Бұл мақсатқа 96 млн теңге қаржы бөлініп отыр. Тиісті келісімдер жасалған. Жаңа құрылғылардың жеткізілуін күтудеміз, – дейді «ҚЭТТК» АҚ өндірістік-техникалық қызмет бөлімінің бастығы Әлішер Қаждар.

Айта кетсек, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шеңберінде биылдан бастап «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы бағытында жұмыс жасалуда. Оның негізгі міндеті – табиғи монополиялар субъектілеріне қосымша инвестициялар тарту, жөндеу жұмыстарының көлемін ұлғайту есебінен электр, жылу және сумен жабдықтау саласындағы желілердің тозуын кемінде 15-20 пайызға төмендету.

Департамент басшысы Айбек Егембергеновтің айтуынша, «ҚЭТТК» АҚ-да бес жылға ұзақ мерзімді тариф бекітілген.

– Мекеменің өз инвестициялық бағдарламасы бар. Өткен жылы өз қаражаты есебінен 345 млн теңге бекітілді. Соның нәтижесінде біршама электр желілері, қосалқы стансалар ауыстыруға жатады. Қазіргі таңда мекеменің электр желілерінің тозу деңгейі 68 пайызды құрап отыр, – дейді Айбек Егембергенов.

«Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясындағы мұндай жұмыстар биыл да жалғасын табуда. «ҚЭТТК» АҚ тозу дәрежесін 68 пайыздан 65,5-ға дейін төмендетуді жоспарлап отыр. Ол үшін биылға арналған инвестициялық бағдарламада барлығы 1345 млн теңге көзделген. Оның ішінде мекеменің өз қаражаты есебінен 371,5 млн теңгеге 27 шақырымнан астам электр желілері мен №9 ОТП екінші секциясы жаңғыртылып, автотехника сатып алынады.

Сондай-ақ, облыстық бюджеттен 10/0,4 кВ қосалқы станцияларын 35 дана ҚТПБ үлгісіндегі қосалқы станцияларға ауыстыруға, ұзындығы 21,15 шақырым 10 кВ кабель желілерін ауыстыруға және ұзындығы 10,5 шақырым 0,4 кВ кабель желілерін ауыстыруға 973,3 млн теңге бөлінген.

Атқарылған жұмыстар облыстың алдағы жылыту маусымына дайындығын қамтамасыз етеді. Баспасөз туры барысында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды. Мамандар жан-жақты жауап берді.

ТАҒАЙЫНДАУ

## БАСҚАРМАЛАРДА ЖАҢА БАСШЫЛАР

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтті. Жиында Қызылорда облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы таныстырылды.

Облыстық бірыңғай конкурстық комиссиясының шешімімен Қызылорда облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы лауазымына Ысмағұлов Болатбек Әбдулхайысұлы тағайындалды.

Облыс әкімі басқарма басшысын таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

– Болатбек Әбдулхайысұлы – түрлі басшылық лауазымдарда мол тәжірибе жинаған, мемлекеттік қызметте шыңдалған маман.

2-бет

ЕҢБЕК АДАМЫ



## «АҚМАЯ» – САН ҰЛТҚА САЯ

«Ақмая» – Шиеліннің іргесіндегі ауыл. Бар-жоғы 15 шақырымды артқа тастайсыз. Жолы да теп-тегіс. Тіпті кейбір тұрғындар аудан орталығына қатынап та жұмыс істейді. Бұл ауылдан 16 Еңбек Ері шығыпты. Барлығы да – корей ұлтының азаматтары. 1937-1938 жылдары Шиеліге жер аударылған корейлердің басым көпшілігі Хабаровск пен Владивосток өлкесінен еді. Сол уақыттағы қиындыққа қарамай қара жерден нәпақасын айырған осы еңбекші халықтың егін егудің алдыңғы қатарында болғаны рас. Тумысынан бейнеткеш корейлер жабайы жерді аршып, күріш өсіруді қолға алды. Одан кейінгі жетістік тарихтан-ақ белгілі. Әрине, бұл жерде жергілікті халық – қазақ ұлтының қонақжайлығы, сол уақытта өздері тауқымет тартса да тамағының бір бөлігін жырып беруі сырттан келгендерге көп қолдау болғанын баса айтуымыз керек.

**Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»**

Бүгінде іргелі ел болған «Ақмаяның» бұрынғы атауы – «Авангард». Кеңестік кезеңде ірі кеңшар болған. Сыр салысын егуде озат атанып, диқандардың тәжірибесі республикаға да таралды. Қазір де егін егуде алда тұрған ауылдың берекесі таймаған. Жергілікті тұрғындармен бірге өзге ұлт өкілдері тізе қосып, жыл сайын күріш пен бақша өнімін жинауда алда келеді.

«Ақмаяға» аялдағандағы мақсат – кетпен шауып, егін салған ағайынның еңбегін дәріптеу. Әлеуметтік нысандары түп-түгел ауылда биыл 4800 гектарға жуық жерге түрлі дақыл егілген. Қазірдің өзінде осындағы диқандар 350 тонна қауын-қарбыз, 85 тонна көкөніс, 10 тонна асқабақты жан-жаққа сатып үлгеріпті.

2-бет

ЕЛ МЕН ЖЕР ТАРИХЫ

## АРАЛЫМ – АЙДЫН ШАЛҚАРЫМ

Аралдың табанынан су кеткенмен,
Халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ.

**Бекұзақ Тәңірбергенов**

Арал халқы өз тарихын өзі жасады. Ұлағатты ұрпақтары сол тарихқа тіл бітіріп, өшпестей таңбалап, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Менің пайымдауымша, Аралдың тарихы Арал теңізімен тамырлас, яғни теңіз табанын мекен еткен халықтың тыныс-тіршілігімен тікелей байланысты. Оның тарихы тым әріде, тамыры тым тереңде деп айта аламыз.

Бүгінде кең-байтақ Қазақстанның Тұран ойпатынан ойып тұрып орын алған Аралдың экологиялық тепе-теңдікті сақтауда еліміз үшін ғана емес, әлем үшін де маңызы ерекше екені баршаға мәлім. Өз топырағында талай сындарлы кезеңдерді бастан өткерген, бүгінде бүкіл әлем танып, ерекше назар аударып та отыр.

5-бет

# БАСҚАРМАЛАРДА ЖАҢА БАСШЫЛАР



Жаңа басшы тізгінін ұстаған күрмеуі қиын салада Мемлекет басшысы жүктеген және Үкімет бекіткен көрсеткіштерге қол жеткізу үшін ауқымды жұмыстар атқарылуы керек. Алда жылу беру маусымы, биыл жүйелерді жаңғыртуға республикалық бюджеттен 8,2 млрд теңге бөлінді. Қазір қалада 9 шақырым жылу жүйелері ауыстырылуда. Ендігі кезекте осы бөлінген қаржыны тиімді, уақытылы және сапалы игеруіміз, басталған жобаларды мерзімінде тапсыруымыз керек, – деді облыс әкімі.

Актив отырысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз алып, басқарма басшысын жаңа қызметімен құттықтады.

Болатбек Әбдулхайысұлы 1964 жылы дүниеге келген. Алматы энергетика институтын «Электрмен жабдықтау», Қарағанды экономикалық университетін «Қаржы» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1981 жылы Шиелі ауданындағы «Гигант» колхозының механизаторы болып бастаған. 1984-1997 жылдары жеке секторда түрлі лауазымдарда қызмет атқарған.

1997-2012 жылдары «Қазпошта» акционерлік қоғамы Шиелі аудандық пошта байланыс торабының бастығы лауазымында еңбек еткен. 2012-2022 жылдары Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің сектор меңгерушісі, аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарған.

1-бет

2022 жылдан бастап осы кезге дейін Шиелі ауданы әкімінің орынбасары қызметінде болған.

***

Кеше сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында бірыңғай конкурстық комиссия шешімімен Қызылорда облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы лауазымына Сыздықов Жәнібек Шәкімбайұлы тағайындалғаны хабарланды.

Облыс әкімі басқарманың жаңа басшысын таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында 2025 жылға дейін жергілікті маңызы бар жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту туралы тапсырма берді. Бүгінде өңірдегі жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жай-күйі 82 пайызды құрайды. Биыл бұл көрсеткішті 87 пайызға жеткізу үшін 585 шақырым жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекендердегі көшелерді жөндеуге бюджеттен 36 млрд теңге бағытталды. Бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есеге артты. Дегенмен, қол жеткізген нәтижелерге тоқмейілсімей, бұл жұмыстарды одан әрі жандандыруымыз керек, – деді аймақ басшысы.



Актив отырысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев басқарма басшысын жаңа қызметімен құттықтады.

Жәнібек Шәкімбайұлы 1987 жылы дүниеге келген.

М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын «Құрылыс» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылы «Қазавтожол» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облыстық филиалында жол жұмысшысы болып бастаған.

2009-2013 жылдары жеке және мемлекеттік жол құрылысы мекемелерінде еңбек еткен. 2013-2023 жылдары «Автомобиль жолдары басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бөлім бастығы, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары лауазымдарында болған.

2023 жылдың сәуір айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

ПРЕЗИДЕНТ ПІКІРІНЕ ҮНДЕСТІК

# ЖАСТАРДЫ ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕСЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек» деп атап көрсетті.

Әрбір адам өзінің жүріп өткен өмір жолында, сол кезеңге сай ғылымға, технологияға, қоғам өмірінің әртүрлі жақтарына тез бейімделуге, үйренуге, қабылдауға икемді болуы керек. Бұл адамның өз мақсаттарына жету жолында тез алға жылжып мақсатына жете алатынын көрсетеді. Білім қай кезеңде болсын маңызын жойған емес, өйткені адам санасының дамуы, оның өркендеуін қажет етеді. Жан-жақты адамдар өз саласына жақсы бейімделе алады. Білімнің маңызын өз уақытында түсініп, күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналдырған қазақ зиялы қауымының өкілдері ұрпақты өз заманына сай білімді игеріп, көзі ашық, көкірегі ояу адам ретінде алға жылжуға ұмтылуына барынша атсалысып, армандады. А.Байтұрсынұлы ғылымсыз, өндіріс орындарынсыз қазақтың бар байлығы өзгелердің қолына көшетінін жақсы білді, халықты білімді болуға, бай және күшті болуға үндеді. Елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауды ұсына отырып, ол: «Қазақ керегінің көбі әркімге-ақ мағлұм ғой; біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» – деп жазған болатын. Осы күн тәртібінен үнемі түспейтін мәселелер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде айтылды.

Бүгінде жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениетін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру – әділетті қоғамның міндеті.

Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы:

«Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр.

Біріншісі балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын.

Екіншісі немересіне ертегі айтып беретін әженің азаюынан қорқамын.

Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді, содан қорқамын» деген екен.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық санасезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Бала ең бірінші жылулықты ата-анадан іздейді. Бірақ олар жұмысбасты. Бала денсаулығының төмендеуі, әке табысының азаюы, оның асыраушылық, қамқоршылық қабілетіне, бала тәрбиелеу беделіне нұқсан келуі, тұрмыстың қиындығына байланысты жас аналардың жұмысқа шығуға мәжбүр болуы, бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы, ата-аналардың ажырасуы ұрпақ тәрбиесіне толыққанды мән беруді келесі кезеңдерге қалдырып отыр.

Баланың жақсы болып өсуі – тәрбиеден, тәрбиенің дұрыстығы – тәрбиешіден. Ең алғашқы тәрбиеші – ата-ана. Ана тәрбиесі, әке тәрбиесі халық тәрбиесімен сабақтасады. Ғұлама ойшылдарды, ақиық ақындарды, әділ билерді, шешендерді, ел қорғаған батырларды, хандарды да, жырауларды да ата-ана тәрбиелеген.

Шәкәрім атамыздың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді» деген. Құнды қасиеттерге ие рухани адамды қалыптастыру шынында да оның туған кезінен басталса керек.

Ғұлама әл Фараби «Дүниедегі ең оңай нәрсе – ақыл айту, ең қиыны – өзіңді-өзің түсіну» деп ескертеді. Ең бастысы, баланың жан азығына зәру екенін еш уақытта ұмытуға болмайды. Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі – білсем екен деп ұмтылып, одан ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген жолдар бар. Балаға туғаннан тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы – жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтыны белгілі жайт.

Адам өмірге бірдей болып келеді, бірақ өсе келе олардың тағдыры әртүрлі болып қалыптасады. Саналы өмір сүрсе және бәрін ақылға салып, ойлап істесе, оның алдына қойған мақсатына да, байлыққа да, бақытқа да қол жеткізуге болады. Осы кезге дейін құрған қоғамы, жасаған рухани және материалдық байлығы – адамзат сананың жемісі. Сол арқылы адамның дүниетанымы, өмірге көзқарасы, рухани мәдениеті қалыптасады. Рухани саулыққа көңіл қойылған жағдайда адам елмен сыйласады. Ойлау қабілеті жоғары, шама-шарқын білетін, ақылмен іс істейтін өте сезімтал, ұстамды да байсалды, қоғамдағы өз орнын білетін, жауапкершілігіне ұқыптылықпен қарайтын, адамдармен тез тіл табыса алатын, табиғатты сүйетін, қоршаған ортадан хабардар, бақыт дегеннің не екенін түсінетін жан болады.

Балаға отбасы мүшелерінің сөзі, мінез-құлқы ғана емес, ондағы қарым-қатынас ортасы да әсер етеді. Үйде кітап көп болса, отбасы иелері – әкесі мен шешесінің ұстағаны қағаз, қалам, оқығаны кітап болса, ұрпақтар арасындағы байланыс өз жалғасын табады. Баланың болашақта таңдап алар жолы да соған сәйкес болмақ.

**Элмира ІЛИЯСОВА,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі**

БРИФИНГ

# БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫ ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Білім беру маусымы басталуға жақын. Қыстан қысылмай шығуға жауапты мамандар қам-қарекет жасауда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов айтып берді.





– Облыс бойынша алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде. Нақты кезеңде аймағымызда 1067 әлеуметтік нысан бар. Оның 532-сі – білім беру нысаны. Білім беру нысандарының жылу беру маусымына дайындығы 95 пайызды құрайды. Биыл 12 қазандықты жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде 11 білім беру нысанының қазандығы сыртқа шығарылады, – деді ол.

Жалпы, 532 мемлекеттік білім беру ұйымының 77-сі жылумен қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған, автономды газ – 100, автономды сұйық отын – 199, автономды қатты отын – 124.

Биыл маусымды толық қамтуға білім саласына 3,8 миллиард теңге қаржы бөлінді. Оның 1,8 миллиард теңгесі қаңтар-сәуір айларында жұмсалды.

– Жылу маусымының екінші кезеңіне 11097 тонна қатты және 7676 тонна сұйық отын қажет. Қазіргі таңда қатты және сұйық отынды жеткізу бойынша облыстағы барлық білім беру мекемелерімен келісім-шарт жасалған. Қатты отын тамыз айынан бастап бекітілген кесте бойынша жеткізілуде. Ал сұйық отын білім беру нысандары резервуарларының көлеміне сәйкес бекітілген кесте бойынша жеткізілетін болады. Одан бөлек, жылу маусымына дайындық жұмыстарын жүргізуге 216,1 миллион теңге қосымша қаржы бөлінді, – деді облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Бақыт Дүйсенов.

**«СБ» ақпарат**

БРИФИНГ

# ҚОЛДАУ ТАПҚАН БАСТАМАЛАР

Бүгінде жастардың жұмыспен қамтылуы, білім грантына ие болуы жыл сайын артып келеді. Бұл қамқорлықтың бір парасы ғана.

Sb **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,**
**«Сыр бойы»**

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,5 пайызға төмендеді. Басым бөлігі көтерме және бөлшек сауда, білім беру, өнеркәсіп, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету, құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларында жұмыс істейді.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев айтты.



– Жалпы еңбек нарығына келген жастарды жұмыспен қамту және өз кәсібін ашу үшін несие, қайтарымсыз грант беруді көздеп отырмыз. Жастарды жұмыспен қамтуға, білім деңгейін арттыруға «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы» ерекше үлес қосып келеді. Өткен жылы 22 мыңға жуық жас тұрақты жұмысқа орналастырылды. Биыл да 7259-ы жұмыспен қамтылды. 2571 адам еңбек нарығындағы бос жұмыс орындарына, 4688-і субсидияланған жұмыс орындарына жолданды. Қалғандары әртүрлі оқу курстарынан өтсе, кәсіп ашуға несие иеленіп, мемлекеттік қайтарымсыз грант ұтып алғандар да бар. Жалпы 7 ай ішінде жастар тәжірибесіне 1016 адам жолданып, жыл соңына дейін қосымша 2114 адам қамтылады деп жоспарлануда.

Жұмыс іздеген жастар үшін тағы да бір жаңалық бар, тамыз айының 20-нан бастап tanda.enbek.kz платформасында бос жұмыс орындарының онлайн жәрмеңкесін өткізу қолға алынды. Жалпы онлайн жәрмеңкеге 18 жұмыс берушіден 281 бос жұмыс орын ұсынылып, 132 жас жұмысқа орналасуға мүмкіндік алды. Келесі онлайн жәрмеңке қазан айының бірінші онкүндігінде аталған порталда өткізіледі, – деді басқарма басшысы.

# «АҚМАЯ» – САН ҰЛТҚА САЯ

– Биыл да жылдағыдай бірнеше гектар жерге бақша ектім. Оның ішінде картоп, қызанақ, сәбіз, пияз, орамжапырақ, баклажан, соя, асбұршақ пен жүгері сияқты дақылдар бар. Қарбыз бен қауын, асқабақ егуді жыл сайын қалдырмаймыз. Күз тусымен өнімді жиып, аудан мен облыс орталығына өткіземін. Бұрыннан бері менің еккен көкөністерімді тұрақты сатып алатын адамдар жеткілікті. Әсіресе, сәбіз бен қызанақ, сондай-ақ, қысқы салат түрлерін дайындауға керекті дақылдар өте өтімді, – дейді 65 жастағы Антонина Цзю.

«Ақмаяда» туып, осы жерде өсіп-өнген корей ұлтының өкілі 1993 жылдан бері бақша өсіреді. Ал оған дейін ауылдағы құрылыс саласында, фермада түрлі жұмыс істеген.

– Кіндік қаным осында тамған соң менің Отаным да осы жер. Мен «Ақмаядан» өзге жерге қоныс аударуды елестете алмаймын. Мұнда барлығы маған туысқан, барлығы менің бауырым. Шыны керек, 90-шы жылғы қиындықтан соң жолдасым екеуміз жер өңдеп, егін еккелі тұрмысымыз түзелді. Қазір отағасы қайтқалы бес жыл болды. Қос қызым тұрмыста, қолымда 96 жасқа келген қарт анам бар. Әрине, мұнша жерді игеруге өзім үлгермеймін, ауылдағы жігіттерге айтып, ақысын төлеп, түрлі дақылды егеміз. Кейде қыздарым «бақша екпе» деп те ұрсады, бірақ, жыл сайын егін екпесем, ауырып қалатындай болып тұрамын, – деп ағынан жарыла күлді ол.

1-бет

Зейнеткер Антонина бұдан бөлек, тауықтың түр-түрін өсіріп отыр. 150-ден астам үй құсымен қатар, шошқа да бағады. Әлі де тың, жүрісі ширақ диқан апай бақша басына өз жеңіл көлігімен келіп-кетіп жүр. Дұрысы, жер өңдеуден бөлек, техника тілін де меңгерген.

Ал біз ауыл маңындағы егістік пен бақшалықты аралап жүріп тағы бір еңбек адамына жолықтық. Елу жылдан бері күрішші болып келе жатқан Герасим Пактың жасы 73-ке келген. Жас кезінде жатка мен комбайн тізгіндеген ақсақал әлі де еңбек сапынан түспепті. Ол қазір «Ақмая» шаруашылығында сушы болып жүр. Ал балалары түрлі салада қызмет істейді. Жұбайы екеуінің 7 немересі бар.



– Біздің әкелеріміз, аталарымыз қиындықты көріп, өз жерінен осында зорлықпен көшті емес пе? Ал мұндағы қазақ туысқандар бізді құшақ жая қарсы алды. Алдындағы асын берді, үйлі болуға жәрдемдесті. Бұның барлығы ұмытылмайды, тіпті, менің ұрпағым да осындай құрмет пен қолдауды біліп жүретін болады. Өйткені, бізге де өз ата-анамыз қазақ халқының қонақжайлығын естен шығармау керектігін айтып кетті, – дейді ол.

Кейінгі бес-алты жылда «Ақмая» шаруашылығы бойынша екі рет озат атанған Герасим қария бір рет көлік мініп, екіншісінде миллион теңге ақшамен марапатталған. Шаруашылықтағы жасы ең үлкен егіншінің көпжылдық мол тәжірибесіне жас диқандар да сүйенеді. Бүгінде Герасим Пак өзіне бекітілген 85 гектар күріштің суын байлап, атызын құрғатуда. Жақын күндері орақ түседі.

Сан ұлтқа сая болған «Ақмая» ауылында еңбекті сүйген, бейнетке жақын мұндай жан көп. Бастысы, осындағы өзге ұлт өкілдерінің ұстанымы – бірлік пен татулық. Әрі сол құндылықтан таймай келеді. Қиыншылықта ауызбіршілікпен қимылдап, ауыр күндерді еңсерген ақмаялықтар бейбіт күнде де ауыл тіршілігін жандандырып жүр. Біз де соған қуандық.

Шиелі ауданы

# БЕКЗАТ БОЛМЫС:
## АҒАНЫҢ ІЗГІЛІКТІ ЖОЛЫ

Адам ата мен Хауа анадан бастау алған жер бетіндегі екінші тіршілік жойқын соғыстар мен алапат апатқа, қуаныш пен қасіретке толы миллиондаған жылдарды кейінге тастап, адамзатты бүгінгі өркениетке жеткізді. Бір-бірімен ажырамайтын ұғымдар – ақ пен қара, күн мен түн сияқты өсіп-өркендеу мен қиратып-тоқырау қатар жүреді.

Екінші дүниежүзілік соғыс, екі төңкеріс, қоғамның үш рет түбегейлі өзгеруі, ұлт ретінде жойылып кете жаздаған ашаршылық пен қазақтың қаймағын түгел сыпырып кеткен қуғын-сүргінді XX ғасыр екінші жағынан халқымыздың дамуы тұрғысында ерекше дәуір болды. Көшпелі қазақ отырықшы, білімді, мәдениетті елге айналып, ғылыми-техникалық, рухани-интеллектуалдық жағынан да биік дәрежеге өсті. Міне, осынау ғасыр жүгін көтерген жетістіктің басы-қасында мықты азаматтар жүрді.



Халық саяси-экономикалық, мәдени тұрғыда қоғам қайраткерлері деп танылған, насихатталған тұлғаларды білгенімен, өткен ғасырдың екінші жартысындағы ерекше білім-біліктілігімен, ұлан-ғайыр еңбегімен мемлекеттің нығаюына әсері болған, сол жүзжылдықтың аяғындағы өліара шақ, өтпелі кезеңде халықты қиыншылықтан алып шыққан адамдардың еңбегін біле бермейді. Рас, кезінде олар құрметке бөленді, марапатталды, бірақ тарихи тұрғыда бағасын алған жоқ. Сондай аға ұрпақтың асылдарының бірі туғанына биыл 100 жыл толған Бименді Баймаханов ағамыз еді.

Мықты адамдардың шоқжұлдызы өмірге келерде олардың маңдайына бүкілхалықтық нәубеті жазылып, жастайынан соның қиыншылығын көреді, бірақ түбінде сол ауыртпалықтан елді алып шығады деген ертеден келе жатқан тәмсіл бар. Ағамыздың өмірбаянына, жүріп өткен жолына көз жіберсек, осы сөз Биекеңе арналғандай.

Бименді Баймаханов 1923 жылдың 1 қаңтарында қазіргі Ақсу ауылының аймағындағы «Бозарқаш» деген жерде текті әулеттің бесігінде дүниеге келеді. Ұрпақтан ұрпаққа рухани сабақтастық ретінде берілетін тектілік кездейсоқ қалыптаспайды. Ата-бабадан дүниетанымдық, ділдік бейімділіктер, мінез-құлық ұрпақтың келесі буынына беріледі. Оны біз Табынның Шөмішті Барлыбай аталығынан шыққан Құлшық атамыздан бастап білеміз. Сол алтын арқау әлі күнге үзілмей келеді.

Бұқарбай батырдың замандасы Құлшық би кезінде болыс болған. Құлшықтың әкесі Бекбау бабамыз жоңғарлармен соғыста аяғынан жарақат алып, біршама уақыт Тұрсынбай датқаның қарауында болады. Сол жақта үйленіп, үш балалы болғаннан кейін елге келеді.

Осы әулеттен шыққан белгілі тұлғалардың бірі Қожахмет Баймахановтың айтуынша, Тұрсынбай датқа бір баласындай болып кеткен Бекбау бабамызға: «Бегім (ол кісіні осылай атаған көрінеді), сенің адамдық болмысыңа да, қызметіңе де дән ризамын. Балаларың өсіп, ер жетіп келеді, бірде болмаса бірде біреудің тілі тиіп кетер, еліңе оралғаның жөн» дейді. «Еншіңді беремін» деп төрт түлік малды қамшының сабымен сілтеп бөлгенде, отардағы егіз қызыл қозысы бар ақсарбас қой бабамыздың еншісіне тиіпті. Сонда дуалы ауыз Тұрсынбай датқа: «Сенің балаларыңның несібесі де, абыройы да жоғары болады екен» деп батасын беріп шығарып салыпты. Бекбаудың кіші ұлы Бидас 15 жасында Сейілдің орнына би, 1901 жылы 16 жасында болыс болған. Елдің назарына ерте түсіп, «жас болысты көреміз» дегендердің көп болғанына қарап, тілкөз тиген-ау деген де әңгіме бар. Бидастан кейін билік тізгіні ел басқаруға бейімділігі бар, көпшілікті ұйыстыра алатын Құлшық атамызға тиеді, осылайша ол 1916 жылы қапияда қаза тапқанша 15 жыл болыс болады. Құлшық болыстың өз замандастарынан өресі биік тұрғандықтан, жарма қаздырып, егін ектірген, елдік мәселемен Ташкенттегі генерал-губернатордың қабылдауында болған деген дерек те бар. Құлшықтың 6 баласының біреуі Баймахан әкеміз тұлғалы, күміс сақалды, ақсары келген өте ажарлы адам еді. Бұл кісілер жастай қиындықты көп көреді, «болыстың баласы» деген желеумен қуғын-сүргінге ұшырайды, бауыры Құлмахан Ақмешітте түрмеде қайтыс болса, Баймахан Өзбекстанға қашып кетеді. Содан 1937 жылы Ақмешітке, 1938 жылы туған еліне келеді. Кейінгі жылдары інісі Мәншәріп екеуі совхозда жылқы бағады.

Қуғын-сүргіннің ызғарын Баймахан әкеміздің балалары да көреді. Үлкен ұлы Мәдібайды «би-болыстың тұқымы» деп оқуға алмай, төртінші атасы Байторының тегіне жазылып, әрең дегенде Қызылорда транспорт техникумына түседі. «Алмас кездік қын түбінде жатпайды» дегендей, кейін С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінде оқиды. Мектепте мұғалім болды. 1938 жылы әскерге алынып, Фин соғысына, Балтық бойындағы елдердегі соғысқа қатысады. 1941 жылы тұтқынға түсіп, түрмеде Францияда болады. 1946 жылы босап, Түркия арқылы елге оралады. 1947 жылы қыркүйек айында Қараөзек орта мектебі директорының орынбасары болып жүргенде соғыста тұтқында болғаны үшін 17 жылға бас бостандығынан айырылып, содан 1954 жылы ақталып, елге оралады. Коммуналдық шаруашылықта қызмет етеді. Кейін сол мекеменің, басқа да құрылыс мекемелерінің басшысы болды. Жалағаш кентінің қазіргі түптүзу көшелерінде ағайдың қолтаңбасы анық көрініп тұрғандай.

Бименді ағамыз болса, 1936 жылы 13 жасында мектепке барады. «Біздің балалық шағымызда білім алу оңай болған жоқ. 7-сыныпқа дейін оқымаған мектебім жоқ. Рабфакте де оқыдым, ол 1938 жылы ФЗО-ға айналып, ақша төлейтін болған соң 8-9 сыныпты қайтадан мектепте оқыдым. 10 сыныпқа барғанда соғыс басталып, 1941 жылы әскерге алындым», – деген еді Бименді аға бір әңгімесінде.

Бименді Баймаханов соғыс жылдары Грузияның Ахалтин қаласы маңындағы шекарашылар полкінде қызмет етеді. Бұл жердің әскери стратегиялық маңызы ерекше болған. Егер немістер Кавказды алса, шығыстан Жапония, Балқан түбегінен Италия соғысқа кірісер еді. 1944 жылы немістер Солтүстік Кавказдағы мықты бекіністі бұзған ауыр шайқасқа ағамыз да қатысады.

Новороссийск қаласын азат еткеннен кейін Белорусь майданында соғысады. Жеңісті Шығыс Пруссияда қарсы алған аға 1949 жылға дейін Вильнюс қаласында офицер шенінде әскери қызметте болды.

Елге оралған соң Жалағаш аудандық қаржы бөліміне бас есепші болып қызметке орналасады. Бірде ауданға іссапармен келген қаржы министрінің орынбасары Бименді ағаның алғырлығын байқап, білімі, мамандығы жайлы сұрайды. Сол кісінің көмегімен Алматы қаржы техникумына оқуға түседі. Кейін Ленинградтағы қаржы институтын сырттай оқып бітіреді.

Бименді Баймахановтың білгір де қабілетті, қатаң да талапшыл болмысы Жалағаш аудандық қаржы бөлімінде жүргенде байқалады. 1955 жылы облыстық қаржы басқармасына қарайтын бақылау-тексеру басқармасында аға ревизор қызметіне тағайындайды. 1957 жылы облыстық қаржы басқармасы бастығының орынбасары, 1959 жылы бірінші орынбасары болып ширек ғасырдан астам уақыт бір мекемеде қызмет еткен.

«Қазіргі таңда қасиетті, дархан, киелі мекен – Сыр бойында қазақ елінің дамуына, өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан азаматтар көп, соның бірі де, бірегейі де қаржы ісінің үздігі, көптеген шәкірт тәрбиелеген тәжірибелі тәлімгер болған Баймаханов Бименді мырза еді», – деп еске алады мемлекет және қоғам қайраткері Сейітсұлтан Әйімбетов. – Біздің ұлы, дана қазақ халқы балаларына жарасымды, әдемі есім беруге тырысқан. Адамның есімі оның пешенесі мен өміріне әсер етеді, әр адамның атының мағынасы болады дегенді жиі естиміз. Бименді деген есімде «би» сөзі дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі, яғни басқарушы, ел билеуші деген мағынаны білдіреді. Солай біздің ағамыз Бимендіні «би» болсын дегендей атаған болар. «Атына заты сай кісі» деген мақтау сөзді мен осы Биекеңе айтар едім, өйткені ол өз саласының жілігін шағып, майын ішкен білікті маман болды, Сыр елінің қаржы қызметкерлерінің биі, талапшыл, сыйлы жетекшісі бола білді. Еңбек өтілінің 25 жылдан астам уақыты облыстың қаржы бөлімі басшысының орынбасарлығына арналды.

Соғыстан кейін Бименді мырза бухгалтер болып жұмыс істеді, одан кейінгі жылдары көптеген жауаптылығы жоғары, беделді қызметтерді атқарып, елге сыйлы азамат болды. Осындай қажырлы еңбек жолындағы нәтижелі еңбектері үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Сыр өлкесінде «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген экономисі» атағын екі адам ғана алды. Оның бірі – біздің Биекең және Камал Шөкенов. Біз бұны мақтан тұтамыз. Тағы бір айта кететін жайт, салық жинау, бюджет, кіріс жөніндегі мәселелер бойынша қаржы министрінің өзі Бименді мырзадан кеңес алып, ақылдасатын.

Би ағаның адамдарға жасаған қамқорлығын, жақсылығын, адамгершілігін ел азаматтары әлі күнге дейін айтып жүр. Бұл кісі әкемнің көзін көрген замандасы еді. Мен ағаны 1969 жылы институт бітіріп, қаржы министрлігіне қызметке тұрғаннан бастап білемін. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында мен іссапармен елдегі ұлан-байтақ өңірлердің бірінде жүргенімде, әкем Сүлеймен кенет дүниеден озды деген суық хабарды естідім. Содан ұшақпен елге келгенімде, Биекең бір топ азаматтармен бірге мені әуежайда күтіп алып, көңіл айтып, ауылға жеткізіп салды. Бұндай іс-әрекет әр азаматтың қолынан келе бермейді және де осындай азаматтықты, ізгілікті ұмытуға бола ма?

Ағамыз қай ортада болса да білім-біліктілігі, қажыр-қайратымен ерекшеленетін, қаржы саласының республикалық деңгейінде ол кісінің есімі жоғары бағаланды. Қаржы министрі болған И.Ким, Р.Байсейітов, А.Бацула, Т.Абдықадыров, Е.Дербисов, А.Павловтар Биекеңді ерекше құрмет тұратын. Сол министрлердің ішінде Байсейітов Рымбек туғанындай араласты, ал қоғам қайраткері М.Бутинмен танысып сыйласуы да ерекше еді.

Ағамыз аса сезімтал қасиетке ие болатын, айналасында болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды, заман ағымын, қоғамдағы өзгерістерді терең пайымдайтын. Көзге ілінбейтін жайларды, өзгелер ұға бермейтін жайттарды аңғара білетін.

«Өзіне ғана тәуелді болған жан бақытты, солай бола тұрып, «тәуелді екеніңді білмей ғұмыр кешу одан да бақыттырақ», – деген екен Цицерон. Ақылды адамға тіршіліктің күйбеңі тым ауыр, ол одан биік бола тұрса да, бөлек өмір сүре алмайды. Өзін бәріне жауаптымын деп сезінеді.

«Бименді біздің көсеміміз болды, бұл атты халықтың өзі берді», – дейді, – оның бойында адамға тән жақсы қасиеттің бәрі болды. Мысалы, әділдік, адалдық, қайырымдылық, қанағатшылдық, адамгершілік, сабырлылық.

Биекең қандай іспен айналысса да соны тез меңгеріп алатын. Сол кезде преферанс ойыны үрдіс болды. Шахмат сияқты бұл ойында да қабілеттілік, сезімталдық, өзін-өзі ұстай білу, логикалық мықтылық керек. Республикадағы қаржы саласының басшыларының бірі Мәжікен Бутин Мәскеудегілерді де қапыда қалдыратын мықты ойыншы болған. Сол кісіні Биекең талай рет жеңсе керек.

Өз ісіне мығым мемлекетшіл, қоғамшыл болатын. Ағамыздың ісі аңызға айналды. Сол кездері облыста қаржы саласын орыс азаматтары басқаратын. Олар кеткен соң бірінші орынбасар Биекеңді сол орынға отырғызуға болар еді. Білімділігі мен біліктілігіне принципшілдігі сай келген Биекеңді көтеруге ұсыныс бола қоймады», – дейді ағамызбен жақсы араласқан кісілердің бірі Дүйсенбай Қуатов ақсақал.

Замандасының сөзіне қосатынымыз Бименді Баймахановқа көршілес Ақтөбе, Жезқазған облыстарының қаржы саласын басқару ұсынылады. Бірақ бұл кісі қызмет іздейтін адам емес еді. Әсілі, адамды қадірлі ететін орынтақ емес, қайта сол қызмет орнының бағасын арттыратын Биекең сияқты мықты адамдар болса керек. Ал жаңағы ойын жайлы әңгімеге келсек, кезінде бұл ойынды ойнау үрдіс болды. Алматыға бір барғанында қаржы министрі Рымбек Байсейітов Биекеңе сол күні Бутинмен преферанс ойнауды ұсынады. Ол кезде Мәжікен Бутин тамақ өнеркәсібі министрінің орынбасары болып істейді. Ол ешкімнен де ұтылмаған көрінеді, Громыко, Микоянмен ойнаған, шетелге де барып ойнаған. Ағамыз бärарда министрі Бутиннен мықтап ұтылса керек. Соның қарымтасын қайтарғысы келді-ау.

«Содан жұма күнгі кештен бастап, сенбі, жексенбі күні ойнадық. Мен ұтылған жоқпын. Бутин Қызылордаға келгенде де ойнап жүрдік. Өзі шахматты да жақсы ойнайтын өте таза адам еді. Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары келгенде екі күн қатарынан ойнағаным бар», – деп бірде Биағаның өзі айтып еді.

Сол кездері бюджеттің басым бөлігі алкоголь ішімдіктерін сатудан құралатын. Қызылордадан шығаратын арақтың жоспарын көбейту үшін облыстық атқару комитетінің төрағасы Шәймерден Бәкіров министрдің орынбасары Бутинге барады. Жағдайды жақсы білетін ол Биекеңді ерте кетеді. Сонымен Бутинге кіреді. Министр қонақтармен амандасып, Биекеңді сұрақтың астына алады.

– Қашан келдің?

– Кеше.

– Ау, содан бері неге хабарласпайсың?

Қатарластарынан естіген бұл әңгіменің немен біткенін білмеймін, бірақ барған жұмысы толығымен орындалады.

Биекең қазақтың небір жақсы-жайсаңымен бірге болған. Бір-бірін таныған, түсініскен. Кезінде Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған М.Сужиков, И.Әбдікәрімов, М.Ықсанов, облыстық кеңестөрағалары І.Еділбаев, Ш.Бәкіров, С.Құбашев, Ы.Қалиевтармен қызмет барысында жақсы сыйластықта болды. Қарымды қаламгерлер Шыңғыс Айтматов, Қалтай Мұхаметжановпен тығыз қарым-қатынаста болған.

Ағамыз Сыр еліне белгілі тұлғалар Омар Әзхожаев, Қонысбек Қазантаев, Пазылбек Абдрахманов, Зейнолла Жарқынбаев, Камал Бердәулетов, Әбдіғаппар Нұртазаев, Ернияз Омаров, Сейілбек Шаухаманов, Ыдырыс Қалиев, Мәди Киреев, Қаһарман Табынбаев, Сейітнәби Мұқашев, Мақсұт Әбдіразақов, Сәмит Далдабаев сынды мықты азаматтармен қойын-қолтық араласып өтті. Оларды тыңдай да, тыңдата да білді.

Бименді Баймахановтың үлкен еңбегі елімізге танымал қаржыгерлерді тәрбиелеп өсірді. Кезінде қаржы министрінің орынбасары, кірістер министрінің бірінші орынбасары болған Рақымберген Тоқсейітов, облыстық қаржы саласын басқарған Қамбарбек Әжібеков, Дайрабай Ысқақов, марқұм Құттықожа Ыдырысов бастаған тізімге ондаған адамдарды қосуға болады.

«Мен Биекеңнің қарамағында қызмет істегендіктен, Сыр елі аймағының айшықтануына, қыруар қаржы табуына сіңірген еңбегінің орасан зор екенін жақсы білемін. Ол кезде қаржыны арақ-шарап саудасы қомдандыратын. Нақтылай айтар болсам, облыс бюджетінің 50 пайызы арақ айналымының салымынан түседі. Арақ зауыты өнімдері облысымызға ғана емес, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Гурьев облыстарына да жіберілетін. Кейбір жылдары таза спирт пен бос бөтелкелер де жетіспей жататын. Өйткені, спирттің қорын Тамақ өнеркәсібі министрлігі бөлетін. Ал жаңадан үш-ақ пайыз бөтелке берілетін. Содан да Биекең ай сайын арақ зауытына барып басшылығына да иелік жасайтын. Биекеңнің «өнімді анда жібересің, мында жібересің» деген тапсырмасы мүлтіксіз орындалатын. Жоғарыдағы облыстарға бос бөтелкелерін беріп жіберсе ғана арақ-шарап өнімдері босатылатын», – деп еске алады әріптес шәкірттерінің бірі Қалқазбек Әжібеков.

Бименді Баймаханов «Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген экономист», «ССР қаржы ісінің үздігі» атағын алды, ол кезде бұл ерекшелік кез келген қызметкерге беріле бермейтін. Орден-медальдарын санамай-ақ қояйын, себебі Биекеңнің қадірін марапат арттырып отырған жоқ, қайта сол орден Биекең арқылы дәрежеленетін сияқты.

Бименді Баймаханов жалпы бюджетті толықтырумен айналысып қана қойған жоқ. Облыс экономикасын көтеруде жекелеген өндіріс орындары мен шаруашылықтардың жұмысын жолға қойып, сол жерде жинақталған озат тәжірибе арқылы облыс экономикасын көтерді. «1975 жылы «Қармақшы» совхозына директор болып тағайындалдым, бұл сол кезде ең артта қалған шаруашылық еді», – деп еске алады Исағали Жұмағұлов ақсақал. – Арада екі ай өткенде совхозға облыстық партия комитетінің екінші хатшысы С.Сәрсенбаев пен облыстық қаржы басқармасы бастығының бірінші орынбасары Б.Баймаханов келді. Екеуі мал фермаларын, отарларды аралап, мамандармен, малшылармен сөйлесіп, С.Сәрсенбаев қайтып кетті де Бименді аға бір аптаға қалды. Ол кісі шаруашылықтың қаржы жағын тексеріп, кемшіліктерді, жұмысты жолға қою жолын көрсетті.

Артынша мамандарын жіберді, қаржыгерлер шаруашылықты жүргізудің, жұмысты ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін үйретті. Бұл бұрын біз көрмеген іс еді, күрделі мәселелерде Биекең телефонмен кеңес беріп отырды, арасында өзі де келетін. «Қармақшы» совхозы бұрын шығынды шаруашылық болса, бір жылдан кейін өзіне-өзі келе бастады. Екінші жылы пайдаға шықтық, 3-4 жылдан соң миллионер совхоз атандық, жылына 5 миллион сомға дейін таза пайда таптық. Соның бәрі Биекеңнің арқасы.

Ағамыз 2-3 айда бір келіп, бухгалтерияны тексеріп кетеді, маған да ақыл-кеңес береді. Енді біз рентабельді шаруашылыққа айналдық, ауданда, облыста алдыңғы қатарға шығып, республиканың ауыспалы Қызыл туын 10 рет, одақтық туды 7 рет жеңіп алдық. Одақтың «Алтын кітабына» жазылып, республиканың «Құрмет тақтасына» ілiндік.

Биекеңнің арқасында Алматыдағы халық шаруашылығы институтының басшыларымен танысып, сол институттың ғалымдары совхозды шаруашылық есепке көшірді. Нарықтық экономиканың бастауы – жалгерлік әдісті өмірге біз енгіздік. Облыстық партия комитетінің қаулысы бойынша совхоз «Қызылорда облыстық шаруашылықтарының озат тәжірибе мектебі» болды.

Кейін білсек, Айқын апай нағашым Алмағамбеттің Әсия жеңгеміздің бауыры болып шықты. Осылай қызметтік қарым-қатынасымыз туыс-жекжаттыққа ұласып кетті.

«Өмірден озғанмен, көңілден өшпейтін жандардың бірегейі абыз ақсақал аталған Бименді Баймаханов еді. Өзіндік болмысы, туа бітті адами қасиеттері, азаматтығына қарап Биекеңді «асыл адам» дер едім. Бұл кісі көп сөйлемейтін, жалпақтауды, марапаттауды ұнатпайды, қашанда турасын, әділдігін айтатын. Оны көзіммен де көрдім, көңілім де таныды. Облыстық ауруханаға бас дәрігер болып келгеніме 3-4 айдың жүзі болғанда бір азаматқа көмектесу жайлы Биекең өтініш жасады. Оны орындауға менің мүмкіндігім болмады. Ол кісі үндемей шығып кетті. Арада бір-екі күн өткенде қонақта кездесіп қалдық. «Ассалаумағалейкум, Биеке» деп қолын алдым. Қолымды ұстаңқырап тұрып, миығынан күліп, жадыраңқы түрде қолымды босатты. Міне, адамдық деген, әділдік деген – осы.

Адамның бағасы мемлекетке, халыққа сіңірген еңбегіне қарай беріледі, ал ағамыз облыс экономикасының дамуына үлкен үлес қосты, сондықтан да халықтың қадірлісі болды. Ол кісінің өз сөзі, пікірі, айтар әңгімесі бөлек еді. Аса қанағатшыл, жанашыр, ар-намысын ардақтайтын, адамдарды, бірлікке, ізгілікке шақырып, жол көрсететін.

«Әділ сөз – ағын судың
арнасындай,
Әділ сөз – болат семсер
алмасындай, –

деген кезінде Шораяқтың Омары. Осы теңеу Биекең сияқты азаматтарға арнап айтылғандай көрінеді.

Тектіліктің жолы да, жөні де бөлек. Қазақта «Түбіне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» деген мәтел бар. Шүкіршілік, балалары әке аманатын ардақтап, халықтың сенімінен шығып келеді», – дейді облыстың «Құрметті азаматы» Тұрғанбай Маханов.

«Шыр айналған қозғалыс шеңберінде уақыттың өзі де тоқтап қалады» деген екен кезінде Эйнштейн. Ағаның өмір жолына қарап отырсақ, заман өзгергенмен, заты жақсы адам сол күйінде қалады екен. Оларға ешкімнің билігі жүрмейді. Себебі ол бәрінен де жоғары тұр. Осындай жандарды көре отырып, өз ұлтыңа, қоршаған ортаңа, өзіңе деген сенім пайда болады. Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады, жақсы адаммен сөйлессең, көңілің ашылады.

«Бименді ағамыз облыстағы есеп және қаржы саласын басқарып, өмірінің соңына дейін халық игілігі үшін абыройлы қызмет етті. Жалағаш ауданы мен Ақсу ауылының халқы қандай да тіршілігі болмасын Биекеңе жүгініп, осы кісі арқылы жүзеге асырып отырды.

Биекең жүзінен жымиған күлкісі кетпеген, салиқалы, сабырлы, бір шешімді кісі еді, халықтың арасында ерекше беделге ие болды. Ол кезде елден келген адамдар қонақүйді білмейтін, ондай орын аз да, қалаға кім келсе де Биекеңнің үйіне түсетін. Келген кісіні құшақ жая қарсы алып, жылы-жұмсағын беріп, барлық тіршілігін бітіретін Айқын анамыз еді. Жылына бір рет менің әкем де осы үйге келіп жатып, мәсісін тіккізіп, аунап-қунап қайтатын.

Жалпы ағайын-туғанның жағдайын жасап, қолдағы барын бөліп беріп отырған қамқоршы жандар еді. Бір ақсақал дүниеден өтсе, ел болып жиналып: «Қазір Бименде келеді» деп тарқамай күтіп отыратын. Бименде аға мен Айқын келіп, елмен амандасып, барлық шаруаны бітіріп кететін. Мәдібай ақсақалдың жұбайы, Қожахметтің анасы Гүлжахан апамыз да өте сабырлы, көпшіл, дастарханды, ақылды әйел болатын. Бірде Мылтықбай нағашым қайтыс болып, үйіне келсем, Айқын мен Гүлжахан апамыз отыр екен. Айекең сөз арасында Гүлжаханға тиісіңкіреп отырды. Гүлжахан апамнан ойынды-шынды: «Сіздің жолыңыз үлкен емес пе? Неге Айекең үстемділік жасап отыр?» деп сұрадым. Сонда Гүлжахан апам сабырлы түрде: «Ол осы әулетке менен бұрын келін болып түскен ғой, мені «келіншек» деп атайды» деп жауап берді.

Біз 1998 жылы Қызылорда қаласына көшіп келдік. Бименді ағамыз үйіне Табын ағайындарды жинап, таныстырып, дүниеден өткенше қамқорлығын жасап кетті.

Өмірді мәнді ететін де осындай адамдар ғой. Ол кісі өмірден озғанда біз жетімсіреп қалдық» дейді өзі де ақсақалдық жасқа жеткен Жүсіпов Өмірбек аға.

Ағамыздың бет-ажарында жылы шырай бар еді, шаршап-шалдыққанда, біреуге ренжігенде көзқарасы түнеріңкіреп кететін, бірақ бұл көңіл-күй бетіндегі жылы шырайды ыдырата алмайтын. Мен өзім бұл жылы шырай мейірімді жүзін ғана емес, жан дүниесін билеп алатынын сезінетінмін. Бұл күлкісі мен көзінен ғана емес, әрбір қимылынан айқын көрінетін. Үстірт байқайтын адам «мінезі тік екен» деп ойлайды, ал тереңірек үңіле қарасақ, ақыл-парасаттылықты, жан біткенге жақсылық ойлайтын қамқорлықты көресің.

«Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді» деген халқымызда әдемі мәтел бар. Не нәрсенің де байыбын басыңа қиындық түскенде білесің. Институттың соңғы курсында оқып жүріп қатты науқастанып, 4 ай Алматының 1-ауруханасында жатып, елге келдім. Еш нәрсеге зауқым жоқ, ешкіммен сөйлескім де келмейді, денемді бір ауыр салмақ басып тұрғандай өзіммен өзім жатамын да қоямын. Бір күні дария жағалауындағы әкемнің қыстаудағы үйіне София Захаровна Донина деген терапевт дәрігерді алып Айқын жеңешем келді. Мені көліктеріне салып алып келді де, облыстық ауруханаға жатқызып, қайта дәрігерлік тексеруден өткізді. Оның талдауын қазіргі Сызғанов атындағы институтқа жіберіп, ауыруды айыру, яғни диагнозын өзгертті. Осы кезде 1 жыл 7 ай төсек тартып жатып, әуелі құдай, содан кейін ағайын-туыстың тілегінің, әсерінің арқасында айығып кеттім.

Аурудан жазыла бастағанда қалыңдығым сол кездегі ЖенПИ-ді бітіріп, еліне қайтуға мені қимай жүрген еді. Айқын жеңешем бас болып Алматыдағы салтанат сарайына апарып, некемізді қидырғаны, Сархандағы ұзату, Алматыдағы үйлену тойымызда бас болғаны есімнен кетпейді. Мұның өзіне де бүгін, тура 50 жыл толды. Біз бұл кісілерге мәңгі қарыздармыз.

Өзін-өзі дәріптеуден әрдайым бойын аулақ ұстайтын Биекең көзі тірісінде әлдекімдер тәрізді 60, 70, 80, 85 жасқа келген мерейтойын тойлаудан үзілді-кесілді бас тартады. Даңғазалықты, ысырапшылдықты жаны қаламайтын еді.

Биекең Құдай қосқан қосағы Айқын жеңгемізбен 60 жылдан астам уақыт бойы сыйластықпен бақытты өмір кешті. Айекең де барынша бауырмал, көпшіл, қазаны оттан түспейтін, шаңырақтарынан қонақ арылмайтын, жомарт жүректі жан болатын. Айқын жеңгеміз анамыздай қамқоршы болып, өзі ауырып, төсек тартып жатқанда да бізді іздеп отыратын. Бұл екі кісінің адами қадыр-қасиеті, парасат-пайымы, ағайын-туысқа деген алғаусыз адалдығы кімді де болса өзіне тәнті етті. Сөз басында біз тектілік туралы бекер айтқан жоқпыз. Бұл әулеттің ел жүгін арқалап, ұлттық мұрат жолында қызмет етуі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Құлшық Бекбауұлы ұрпағының үшінші буыны аудан, облыс қана емес, республика деңгейінде басшы қызметте, заң шығарушы билікте, енді бірі денсаулық саласының үздігі болса, шөбере-шөпшектері де ата-баба жолын бекем ұстап, қанмен берілетін қасиеттің қуаттылығын көрсетіп, ұлттың ұлы мұратына қызмет етіп келеді.

Ел арасында аттары аңызға айналған Бименді ағамыз бен Айқын жеңгеміздің ізгілікті істері, адами қасиеттері арқылы ол кісілердің жарығы түспеген ағайындар кемде-кем.

Ал Мәдібай аға мен Күлжахан жеңешемнің елдің бірлігі жолындағы орындары бір төбе. Ағаға деген адалдық,ініге деген қамқорлық пен сыйластықты сөзбен емес, жүрекпен түсініп өткен екі ағамыздың өмірі әрбірімізге үлгі-өнеге.

Болмысың биік, түрің де,
Арқалар ауыр жүгін де.
Жетелеп елді жеткіздің,
Қиын күндерден бүгінге.

Соғыстың бөлген сырын кім,
Ажал боп төнген ұдайы.
Мың өліп, мың тірілдің,
Жар болды жалғыз Құдайың.

Оралып ата жұртыңа,
Айекеңдей жар таптың.
Сыйластықтарыңа жұрт куә,
Ошақтың отын маздаттың.

Ұрпағың қандай жарақты,
Тектілікті ғана ту еткен.
Бәрі де іскер, талантты,
Туған жерін түлеткен.

Тілейтін елдің тілегін,
Көтерген жүгін ғасырдың.
Жақсының, аға, бірі едің,
Біреуі едің асылдың.

Отырған орнын төр дейтін,
Қатардан озған дарасың.
Ісің бар мәңгі өлмейтін,
Жадында елдің қаласың.

**Батырбек МӘНШӘРІПҰЛЫ,**
**Жалағаш, Сырдария аудандарының «Құрметті азаматы»**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

**Қызылорда қаласы №37 11 тамыз 2023 жыл**

# Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 547 096 652,8 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 42 954 564,4 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 10 291 018,6 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 10 000,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 493 841 069,8 мың теңге;
2) шығындар – 543 269 098,2 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 8 263 590,1 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 19 416 267,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 152 676,9 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 4 532 971,4 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 4 532 971,4 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8 969 006,9 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 969 006,9 мың теңге;

8-2. тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8-2. Аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен заңнаманың өзгеруіне байланысты трансферттердің түсімдері 8 396 543,2 мың теңге сомасында көзделсін.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Н.Байқадамов**

Қызылорда облыстық мәслихатының
2023 жылғы «11» тамыздағы № 37 шешіміне
қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының
2022 жылғы «13» желтоқсандағы № 153 шешіміне
1-қосымша

## 2023 жылға арналған облыстық бюджет

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Кірістер | 547 096 652,8 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 42 954 564,4 |
| | 01 | | Табыс салығы | 23 669 822,4 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 23 669 822,4 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 17 232 489,0 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 17 232 489,0 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 2 052 253,0 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 1 901 383,4 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 150 869,6 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 10 291 018,6 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 1 456 877,1 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 71 198,1 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 100 000,0 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 1 285 679,0 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 2 600,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 2 600,0 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 743 874,3 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 743 874,3 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 6 087 667,2 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 6 087 667,2 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 10 000,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 10 000,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 10 000,0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 493 841 069,8 |
| | 01 | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 8 857 699,8 |
| | | 2 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер | 8 857 699,8 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 484 983 370,0 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 484 983 370,0 |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | |
| | | | 2. Шығындар | 543 269 098,2 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 7 776 884,9 |
| | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 171 727,0 |
| | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 169 957,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығындары | 1 770,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 4 105 991,6 |
| | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 3 072 801,6 |
| | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 701 761,0 |
| | | 009 | Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 331 429,0 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 371 977,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 371 977,0 |
| | 269 | | Облыстың дін істері басқармасы | 350 886,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 57 851,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 870,0 |
| | | 004 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 19 702,0 |
| | | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 128 463,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 140 000,0 |
| | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 367 000,0 |
| | | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 357 458,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9 542,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 1 363 847,3 |
| | | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 1 363 847,3 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 551 734,0 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 542 961,0 |
| | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 560,0 |
| | | 021 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 1 717,0 |
| | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 4 496,0 |
| | 718 | | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 273 216,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 267 476,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 5 740,0 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 220 506,0 |
| | | 075 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 220 506,0 |
| 02 | | | Қорғаныс | 2 570 023,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 1 937 074,0 |
| | | 010 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 13 667,0 |
| | | 011 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы | 128 670,0 |
| | | 012 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 279 103,0 |
| | | 014 | Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 1 515 634,0 |
| | 287 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы | 632 949,0 |
| | | 002 | Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары | 251 633,0 |
| | | 004 | Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 381 316,0 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 12 795 922,0 |
| | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 12 775 922,0 |
| | | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 9 317 079,4 |
| | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 458 842,6 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 20 000,0 |
| | | 053 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 20 000,0 |
| 04 | | | Білім беру | 278 428 097,1 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 23 578,5 |
| | | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 23 578,5 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 1 092 146,0 |
| | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 88 160,0 |
| | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 841 518,0 |
| | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 162 468,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 243 382 945,2 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 823 697,6 |
| | | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 2 040 879,4 |
| | | 004 | Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру | 681 000,0 |
| | | 005 | Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 1 759 816,0 |
| | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 2 994 899,8 |
| | | 007 | Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 160 697,0 |
| | | 011 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 628 965,5 |
| | | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 708 855,2 |
| | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 24 130,0 |
| | | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 48 000,0 |
| | | 025 | Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 14 456 407,0 |
| | | 029 | Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу | 597 669,0 |
| | | 052 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау» | 1 196 209,0 |
| | | 055 | Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру | 4 087 643,2 |
| | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 89 185,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 250 002,0 |
| | | 080 | Нұрсұлтан Назарбаев Қорының «EL UMITI» таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру | 7 000,0 |
| | | 082 | Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру | 114 201 522,6 |
| | | 083 | Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру | 456 181,0 |
| | | 085 | Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 3 908 755,0 |
| | | 086 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін | 1 294,0 |
| | | 087 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға | 267 581,0 |
| | | 200 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | 5 130 501,4 |
| | | 202 | Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 39 064 274,7 |
| | | 203 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға | 47 797 779,8 |
| | 760 | | Облыстың мәдениет және спорт басқармасы | 9 968 904,6 |
| | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 9 236 917,5 |
| | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 731 987,1 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 23 960 522,8 |
| | | 011 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 10 455,0 |
| | | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 2 260 024,0 |
| | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1 970 345,8 |
| | | 205 | «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу | 19 719 698,0 |
| 05 | | | Денсаулық сақтау | 20 266 658,8 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 11 630 712,9 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 312 764,9 |
| | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 304 290,0 |
| | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 65 933,0 |
| | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 215 066,0 |
| | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 68 564,0 |
| | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 50 459,0 |
| | | 023 | Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау | 32 248,0 |
| | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 2 076 068,0 |
| | | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 56 321,8 |
| | | 030 | Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары | 1 750,0 |
| | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 6 809 813,7 |
| | | 039 | Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар | 427 036,0 |
| | | 041 | Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету | 458 587,5 |
| | | 042 | Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу | 1 285,0 |
| | | 050 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 750 526,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 8 635 945,9 |
| | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 8 635 945,9 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 16 412 971,3 |
| | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 15 738 281,3 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 273 841,0 |
| | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 635 970,0 |
| | | 003 | Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау | 1 629 608,8 |
| | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9 041,0 |
| | | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 2 085 796,6 |
| | | 014 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 813 457,0 |
| | | 015 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 890 703,0 |
| | | 018 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 137 499,0 |
| | | 046 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту | 8 093,0 |
| | | 053 | Кохлеарлық имплантттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 102 884,0 |
| | | 064 | Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету | 507 033,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 185 029,7 |
| | | 068 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 7 844 839,2 |
| | | 069 | Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау | 9 315,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 605 171,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 622 434,0 |
| | | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 317 450,0 |
| | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 124 189,0 |
| | | 084 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындармен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 99 646,0 |
| | | 092 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 81 149,0 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 52 256,0 |
| | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 52 256,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 40 926 765,5 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 40 926 765,5 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 357 209,0 |
| | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 830,0 |
| | | 032 | Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 4 139 928,0 |
| | | 038 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 7 119 145,3 |
| | | 054 | Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер | 15 089,3 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 2 981 686,0 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 26 311 877,9 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 18 728 083,1 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 2 081 139,8 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 396 948,2 |
| | | 006 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 334 062,5 |
| | | 009 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 1 202 153,0 |
| | | 010 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 116 470,1 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 31 506,0 |
| | 760 | | Облыстың мәдениет және спорт басқармасы | 12 069 268,3 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет, мұрағат ісін, дене-шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 250 984,0 |
| | | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 3 216 393,5 |
| | | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау | 1 490 981,3 |
| | | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 375 535,9 |
| | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 465 616,0 |
| | | 011 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 841 683,6 |
| | | 012 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу | 157 797,0 |
| | | 013 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 2 781 696,6 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 014 856,7 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 473 723,7 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 4 521 414,1 |
| | | 024 | Спорт объектілерін дамыту | 1 135 152,7 |
| | | 027 | Мәдениет объектілерін дамыту | 3 386 261,4 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 56 260,9 |
| | | 021 | Туристік қызметті реттеу | 32 270,9 |
| | | 074 | Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау | 23 990,0 |
| 09 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 620 926,4 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 620 926,4 |
| | | 007 | Жылу-энергетикалық жүйені дамыту | 90 827,2 |
| | | 050 | Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау | 319 087,0 |
| | | 071 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 211 012,2 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 26 576 247,5 |
| | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 7 260 235,5 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 195 786,8 |
| | | 003 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 129 068,7 |
| | | 005 | Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру | 2 981 109,6 |
| | | 006 | Жануарлар дүниесін қорғау | 56 582,0 |
| | | 008 | Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар | 936 342,6 |
| | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 400,0 |
| | | 022 | Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту | 102 447,8 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1 941 572,2 |
| | | 034 | Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асылтұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау | 9 114,0 |
| | | 104 | Инвестициялар салымдар кезінде балық шаруашылығы, субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу | 17 568,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 313 457,7 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 574 786,1 |
| | 741 | | Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы | 15 671 595,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 417 935,0 |
| | | 002 | Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 165 796,0 |
| | | 005 | Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау | 723 944,0 |
| | | 008 | Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау | 30 863,0 |
| | | 014 | Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау | 1 156 673,0 |
| | | 018 | Пестицидтерді (ұлы химикаттарды) залалсыздандыру | 4 159,0 |
| | | 029 | Ауылшаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар | 343 715,0 |
| | | 035 | Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру | 901 688,0 |
| | | 045 | Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау | 7 238,0 |
| | | 046 | Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу | 4 481,0 |
| | | 047 | Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау | 2 341 152,0 |
| | | 050 | Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу | 1 871 493,0 |
| | | 051 | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау | 24 440,0 |
| | | 053 | Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 4 575 525,0 |
| | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 2 848 288,0 |
| | | 077 | Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау | 254 205,0 |
| | 719 | | Облыстың ветеринария басқармасы | 3 644 417,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 173 443,0 |
| | | 009 | Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру | 14 651,0 |
| | | 011 | Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу | 25 790,0 |
| | | 012 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу | 84 330,0 |
| | | 013 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 72 065,0 |
| | | 014 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 2 786 335,0 |
| | | 028 | Уақытша сақтау пунктіне ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер | 2 999,0 |
| | | 030 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру | 239 048,0 |
| | | 035 | Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру | 743,0 |
| | | 040 | Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау үшін, қызметкелердің жеке қорғану заттарын, аспаптарды, құралдарды, техниканы, жабдықтарды және инвентарьді орталықтандырып сатып алу | 237 615,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 7 398,0 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 25 761 018,5 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 25 761 018,5 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 233 600,5 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 11 608 706,4 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 13 918 711,6 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 43 921 686,7 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 43 921 686,7 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 121 082,6 |
| | | 002 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 6 073 730,0 |
| | | 003 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 565 084,0 |
| | | 005 | Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау | 189 155,0 |
| | | 011 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 180,0 |
| | | 025 | Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 2 706 749,0 |
| | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 17 322 727,1 |
| | | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері | 16 938 979,0 |
| 13 | | | Басқалар | 8 219 609,8 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 549 424,8 |
| | | 058 | «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру | 336 414,8 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 213 010,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 1 028 763,0 |
| | | 012 | Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві | 1 028 763,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 31 826,5 |
| | | 003 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 31 826,5 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 585 442,2 |
| | | 079 | «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру | 230 269,2 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 355 173,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 1 312 778,0 |
| | | 037 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту | 137 011,0 |
| | | 060 | «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту | 1 175 767,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 351 145,0 |
| | | 093 | «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту | 234 936,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 116 209,0 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 2 953 187,0 |
| | | 004 | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау | 54 250,0 |
| | | 014 | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау | 2 324 461,0 |
| | | 011 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 17 385,0 |
| | | 015 | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру | 487 091,0 |
| | | 082 | 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру | 70 000,0 |
| | 760 | | Облыстың мәдениет және спорт басқармасы | 335 387,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 335 387,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 801 054,3 |
| | | 008 | «Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету | 801 054,3 |
| | 761 | | Облыстың бақылау жөніндегі басқармасы | 270 602,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 270 602,0 |
| 14 | | | Борышқа қызмет көрсету | 2 101 026,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 2 101 026,0 |
| | | 004 | Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету | 2 020 791,0 |
| | | 016 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 80 235,0 |
| 15 | | | Трансферттер | 38 163 177,6 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 38 163 177,6 |
| | | 007 | Субвенциялар | 37 686 596,0 |
| | | 011 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 238 647,0 |
| | | 053 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару | 237 934,6 |
| | | | 3. Таза бюджеттік кредиттеу | 8 263 590,1 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 19 416 267,0 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 2 285 000,0 |
| | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 2 285 000,0 |
| | | 063 | Жастардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру | 2 285 000,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 11 336 561,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 1 785 061,0 |
| | | 048 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру | 922 687,0 |
| | | 087 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру | 862 374,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 8 351 500,0 |
| | | 009 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру | 8 351 500,0 |
| | 752 | | Облыстың қоғамдық даму басқармасы | 1 200 000,0 |
| | | 012 | Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға бюджеттік кредит беру | 1 200 000,0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 5 794 706,0 |
| | 741 | | Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы | 3 238 256,0 |
| | | 015 | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру | 238 256,0 |
| | | 087 | Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредиттер беру | 3 000 000,0 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 2 556 450,0 |
| | | 009 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер | 2 556 450,0 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 11 152 676,9 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 11 152 676,9 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 11 152 676,9 |
| | | | 4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 4 532 971,4 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 4 532 971,4 |
| 13 | | | Басқалар | 4 532 971,4 |
| | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 167 185,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 167 185,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 3 824 680,4 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 3 824 680,4 |
| | 265 | | Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы | 541 106,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 541 106,0 |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0,0 |
| | | | 5. Бюджет тапшылығы (профициті) | -8 969 006,9 |
| | | | 6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 8 969 006,9 |
| 7 | | | Қарыздар түсімі | 17 978 011,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 17 978 011,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар | 8 351 500,0 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | 9 626 511,0 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 10 590 129,9 |
| | 299 | | Облыстың экономика және қаржы басқармасы | 10 590 129,9 |
| | | 008 | Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу | 5 206 155,0 |
| | | 015 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 5 383 974,9 |
| 8 | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 1 581 125,8 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 1 581 125,8 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 1 581 125,8 |

## ЕЛ МЕН ЖЕР ТАРИХЫ

# АРАЛЫМ – АЙДЫН ШАЛҚАРЫМ

Облыстық архивтің бір құжатында «Райым» бекінісі 1852 жылы құрылғаны көрсетілген. Украинаның көрнекті жазушысы, суретшісі Тарас Шевченко өз суретінде бекіністі бейнелеген.

Тарихи деректерге жүгінер болсақ, «Орынбор-Ташкент» теміржол стансасының Аралдағы құрылысы 1901-1905 жылдары салынған. Алғашқы зерттеушісі деп профессор Лев Бергті атап өтуге болады. Аудан 1929 жылы құрылған. Жер көлемі 55,1 мың шаршы шақырым. Батысы мен солтүстігінде Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз аудандарымен, солтүстігінде Қарағандының Ұлытау ауданымен, шығысында Қазалы ауданымен, оңтүстігінде Қарақалпақстан Республикасымен шектеледі. Ол кездері Арал, Қазалы уезі Ақтөбе облысына қараған. Бертін келе, яғни 1938 жылы Қызылорда облысына қарасты болды.

Арал – негізінен өндірісті аудан, 1900 жылдан «Аралтұз» комбинаты – еліміздің мақтанышы. Кеңес Одағы кезінде жылына 600-650 мың тоннаға дейін тұз өндіріліп, одақтың 50 қаласына өз өнімін жөнелтіп отырған.

1989 жылдың мамыр айында тұз қазу, теміржол, тұз түсіру цехтары біріктіріліп, «Аралтұз» тұз қазу комбинаты шаңырақ көтерген. Бұл комбинаттың ең негізгі буыны – тұз өңдеу цехы. Мұны көпшілік тұз өңдеу фабрикасы деп атап кеткен. Жылына 900-950 мың тонна аралығында тұз өндіру жоспарланса, бұл көрсеткіш жылма-жыл артығымен орындалып келеді. Айтқандай, «Аралтұздың» ас тұзы елімізге ғана емес, ондаған шетелдерге де жөнелтіліп жатыр.

Тұз өндірушілердің құтты мекені – «Жақсықылыш» кенті. 1925 жылы «Тұз» деп аталатын артель құрылғанда осы жерге қыстақтың алғашқы қазығы қағылған. Тарихи қоныста 950 отбасы бар. «Жақсықылыш» қыстағы жыл өткен сайын өсіп, өркен жайып келеді.

1909 жылы ағайынды Лапшиндер қазіргі кеме жөндеу зауытының орнында механикалық шеберхана ұйымдастырады. Мұны кеме жасау және жөндеу зауытының негізі қалануы десе де болады. Бұл тарихи оқиғаның аралдықтар үшін аса маңызы бар. Өйткені Ресейден ондаған орыс мұжықтары отбасымен көшіп келіп, жұмыс істеді, жарыса тұрғын үйлер салды. Бір ғана дерек, Кисин көпес салдырған екі қабатты тұрғын үй қаланың қақ ортасында әлі тұр.

Орыс көпестері Красильников, Макеев, Кисин, Марков, Бузин, Астахов және басқалары өндіріс орындарын ашып, теңіз арқылы Хиуа және Бұхар хандықтарымен сауда-саттық жасайды. Бұл үшін тонналап салмақ көтеретін кеме керек еді. Орыс көпестері мен ағайынды Лапшиндер бірігіп, 1911 жылы шеберхананы шағын кеме жөндейтін зауытқа айналдырады. Ал 1925 жылы Арал кеме жөндеу шеберханасының орнына жаңадан механикаландырылған қуатты зауыт салынады. Әкімшілік қызмет пен жұмысшылар саны 1000 адамға жуықтайды.

Осы кезеңде қазақтар арасынан да маңдайы жарқыраған талай білікті шеберлер өсіп шығады. Олардың алғашқыларының қатарында Панабек Бекниязов, Әбдіразақ Елеуов, Ақпанбетов, Сатаев есімді азаматтар болған. Бұлар 1936-1937 жылдары қуаттылығы 490 ат күші бар «Киров» теплоходын құрастыруға қатысады.

1947-1949 жылдары Арал кеме жөндеу зауыты Арал теңізінде жүзетін кемелерді іске қоса бастайды. «А.Макаров», «Киров», «Коммуна», «Зебра», «Куппер Бессемер», «Землесос» кемелері мен баржалары теңіз төскейіне түскен көрінеді. 1961 жылы зауытқа алғаш рет өз қандасымыз, жерлесіміз Сәтбай Жұмағалиұлы Сүлейменов басшылыққа келеді.

Кеме жөндеу зауыты 1970 жылдардың ортасынан бастап өсіп-өркендеу жолына шындап түседі. Кеңестер Одағының 40 теңіз портымен экономикалық байланыс орнатылады. Өкініштісі сол, сонау 1980 жылдары Үлкен теңіз бен Кіші теңіз екіге бөлініп, су жағадан 100-120 шақырымға қайтқаннан

1-бет

кейін теңізде кеме жүзу мүлдем тоқтатылады. Енді зауытта жаңа өмір басталады. Нақтылай айтар болсақ, 1992 жылы Арал вагон жөндеу зауытына айналады. Зауыттың тоқтап қалған цехтары, құрал-жабдықтары біртіндеп жөндеуден өткізіліп, жұмысқа қосылады.

«САРАТС» жобасына сай «Көкарал» бөгеті салынып, Кіші Арал суға толғаннан кейін теңізде балықтың түр-түрі молайып, балық шаруашылығы қайта жанданады. Теңізден балық аулау үшін қуатты қайық, катерлер керек болады.




Осы мақсатта 2003 жылы жұмысын бастаған «Арал-Пластикқайық» коммуналдық кәсіпорны 2006 жылы үш түрлі пластик қайық және балықшыларға қажетті жеңіл ау, серуен қайықтарын шығаруды қолға алады. Ресейден 6 түрлі қайық үлгісі әкелініп, алғашқылары теңіз төсіне шыға бастайды. Соның нәтижесінде 2006 жылы 46 дана қайық шығарылып сатылады.

2007 жылы аралдық танымал кәсіпкер Ұзақбай Айтжанов басқаратын «Атамекен Холдинг» компаниясы келіп, біз әңгімелеп отырған кеме жөндеу базасы негізінде осы заманғы үлгідегі шетелдік құрал-жабдықтармен жұмыс істейтін вагон жөндеу зауытын ашады. Оған Ресейдің Саратов облысының Энгельс атындағы вагон жөндеу зауытының мамандары тартылып, құны 110 миллион доллар тұратын зауыт құрылысы 2011 жылы іске қосылады. Бүгінде алғашқы платформа вагондары сынақтан өтуде.

Аралдықтардың атакәсібі – балық шаруашылығының негізі ертеден-ақ қаланған. 1900 жылдардың басында волгалық кеме иемденушілер Лапшин, Бузин, Сиротин, тағы басқалар Арал теңізі мен Әмударияда балық аулап, өңдеп, сатқан. Содан орасан табыс тапқан. Сол жылдары Сырдария бойындағы «Қазалы», «Райым», «Аманөткел», «Бөген», «Қарашалаң» елді мекендерінде тұратын халық ау, жылым, шанышқы, қармақ жасап, балық аулап күнелткен.

1901-1904 жылдары «Орынбор-Ташкент» теміржолының салынуы балық шаруашылығының дамуына кең мүмкіндік ашады. Аралға Волга бойынан, Астрахань өңірінен балық аулау мен өңдеуді білетін балықшылар көптеп келіп, қоныстана бастайды. Көшіп келушілердің көпшілігі «Аманөткел» мен «Бөген» елді мекендеріне тұрақтайды. 1901-1904 жылдары Аманөткелге оралдық 40 отбасы көшіп келген деген дерек бар.

Арал өңірінде балық өсіру және аулау барлық уақытта Үкімет назарында болған. Осы кезеңде Аралда балықтың 21 түрі ауланған. Нақтылай айтар болсақ, бекіре, қаяз, сазан, тыран, торта, ақбалық, айнакөз, шортан, жайын, тісті, тағы басқа балықтар өте мол еді. Балықшылар балықты «Қамбаш», «Ақшатау», «Қаракөл», «Райым», «Жалаңаш», «Шөмішкөл», «Қотанкөл», «Тұщыкөл», «Қарашалаң», «Қаратерең», т.б. көлдерінен аулаған.

1950-1965 жылдары Аралдың балық аулау флотында және балық өңдейтін жүйесінде ірі-ірі техникалар іске қосылады. «Қамбаш» балық қабылдау зауытында 150-200 тонналық мұздатқыштар салынады. Арал бассейнінде су үстімен кемемен жүріп көшпелі балық аулаған балықшы-капитан Төлеген Әлімбетов еді. Ол «Ленинград» балық кемесімен ашық теңіз бетіне шығып, «Қасқақұлан», «Көзжетпес», «Ұялы» сияқты аймақтардан жылына 1700-1800 центнер балық аулауды қамтамасыз еткен.

Төлеген Әлімбетовке Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі. Сондай-ақ балықшы Ұштап Өтеулиеваға да 1960 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілсе, теңіз тарланы Нарғали Демеуов екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденінің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болады. Аралдық жерлесіміз Құдайберген Саржанов Балық шаруашылығы министрі қызметінде жүріп, шаруашылықты қайта қалпына келтіруге орасан зор еңбек сіңірген. Ағамыз бүгінде де осы шаруашылықтың басықасында.

1996 жылдан бастап «Аралдан Копенгагенге дейін» атты халықаралық Дания-Қазақстан жобасы өмірге келеді. Дат балықшысы Курт Кристенсен бастаған жанашырлар аралдықтарға ау-құрал, тоңазытқыштар әкеліп, теңіз камбаласын аулаудың қыр-сырына машықтандырады. Осының нәтижесінде бригадалар қайта кооперативтерге бірігіп, атакәсібіне оралады.

Иә, Аралдың келешегі – Кіші теңіз. Осыған орай Бүкілдүниежүзілік банк пен республика Үкіметінің қаржыландыруымен «Сырдария арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру» халықаралық жобасының жұмыстары басталды. Ғасыр жобасында жаңа ғылыми-техникалық негізде ұзындығы 14 шақырым «Көкарал» бөгеті салынды. Жоба бойынша балық шаруашылығын дамытып, байырғы кәсіпшілікті өркендетуге бағыт алынып отыр. Бүгінде мыңдаған аралдық атакәсіптеріне қайта оралып, заманында үдере көшкен олар туған топырақтарына қайта оралуда.

Арал ауданы аумағында балық аулау және өңдеу орындары жарыса бой көтеріп, өздері дайындаған өнімдерін республика аймағына ғана емес, ондаған шетелге жіберуде.

Арал ауданының «Қарақұм» беткейі төрт түлік мал өсіруге өте қолайлы. Шаруалар жазда «Қарақұмдағы» шұрайлы, суы мол, құдығы бар жерлерге қоныстанып, көшіп-қонып отырған. Олардың бірсыпырасының қыстауы Сырдария бойында орналасса, қалғандары «Қарақұм» қойнауына қоныстанған.

Арал аймағында төрт түлік мал түгелдей бар. Мұнда мал басы көп болуының басты себебі – табиғи шөптің молдығынан, екіншіден аралдықтар мал басын өсіруге аса ынталы.

Заманында малдың көпшілігі жеке адамдардың қолында болған. Олар 10 мыңнан астам қой-ешкі, 2-2,5 мыңнан астам жылқы, түйе, тағы да басқа мал ұстаған.

Ауданда 1940-1945 жылдары 26 үлкенді-кішілі колхоз бар екен. Олар – «Аманөткел», «Қотанкөл», «8 март», «Жаңақұрылыс», «Беларық», «Қазақстанның 30 жылдығы», «Жарыққөл», Кагонович, «Көктем», Калинин, «Алға», Куйбышев, «Жаңаталап», «Жігер», «Қызыл керуен», Чкалов, «Көгерту», «Октябрь». 1950 жылға дейін әрбір колхозда 50-60 отбасы өмір кешкен. 1955 жылы 30 мыңдықтар атты қозғалыс басталады. Мәскеуден, Самарадан білікті кадрлар келе бастайды.

Ауданның мал шаруашылығы соғыстан кейінгі жылдарда зор табыстарға қол жеткізеді. Колхоздар біріктіріліп, іргелі шаруашылықтар бой көтерді. Олардың материалдық-техникалық базасы бұрын-соңды болмаған дәрежеге жетті. Барлық жерде шеберханалар ұйымдастырылып, олар әртүрлі механизмдермен және білікті мамандармен қамтамасыз етілді. Асылтұқымды мал алынып, оны шағылыстыру ғылыми негізде іске асырылды. Ет, жүн, тері, сүт жоспарлы түрде сатылып, шаруашылықтарға миллиондаған табыс әкелді.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған соң қоғамдық құрылыс жаңарды. Жасыратыны жоқ, ауыл шаруашылығындағы жекешелендіру саясаты ауылдарды да тоқырауға ұшыратты. Десе де, қазіргі таңда нарық қатынасына сәйкес ауыл шаруашылығында жаңа құрылыстар құрыла бастады. Кеңшарлардың орнында өндірістік кооперативтер мен шаруа қожалықтары пайда болды. Жылқы мен түйе өсіруде атағы елге танымал «Құланды» жылқы зауыты нарық қыспағына төтеп беріп, өз өнімдерін, яғни, шұбат, қазы-қарта, ет-сүтті еліміздің түкпір-түкпіріне жіберуде. Сондай-ақ, өзге де мал шаруашылығы мамандары бүгінде төрт түлік мал өсірумен шұғылданып, өнімдерін ел-халық несібесіне ұсынуда.

Арал ауданының қайсыбір әлеуметтік саласы болмасын, жыл өткен сайын жаңарып, жасарып келеді. Білім, денсаулық, мәдениет салалары да өркен жая түсуде. Кәсіпкерлер қатары да жыл сайын көбейіп, өз нәпақаларын тауып жүр. Ауданның сан алуан салаларда қол жеткізген табысын баян ету уақыт еншісінде. Ал қазіргі айтпағым, Арал аймағы би, батыр, ақын-жыраулардан кенде емес. Бүгінгі және келер ұрпаққа ұлағат болсын деген ниетпен осы бір тектi тұлғалар есімін атауды жөн көрдім.

Халқының тәуелсіздігін аңсап өткен елдің ерен ерлерін, халық батырларын, әділдікті ту еткен би-шешендерді, елінің жоғын жоқтаған ақын-жырауларымызды ұлықтау – біздің перзенттік парызымыз.

Арал қаласында бабаларымыз аңсаған тәуелсіздіктің тарихи маңызын қастерлеу үшін «Тәуелсіздік» алаңында биіктігі 21 метрлік ескерткіш бой көтеріп, тас төсеніш төселіп, гүлзармен көмкерілді. Өзбекстандағы Нұр Ата ауданындағы Әйтеке бидің, Қазалы ауданы Қызылдың құмындағы Сартай батырдың және Мырзастағы Нұртуған ақынның жерленген бейіттерінен қасиетті топырақтарын арнайы құтыға салып әкеліп, ескерткіш тұғырына ұрпақтары орналастырды. Аланды айнала кеңес құрып отырған кейіпте құйылған Әйтеке би, Сартай батыр, Нұртуған ақын мүсіндері шынайылығымен ерекшеленеді. Үш тұлғаны ұрпақтарға ұлағат ету мақсатында «Тәуелсіздікті ту еткен тұлғалар» кітабы шығарылған.

Өткен жылы «Қотанкөл» төскейіне Толыбай батырға, әкесі Мыңбай биге еңселі ескерткіш-кесене орнатылды. Сонымен қатар Толыбай батырдың қылышы (Алматы), қанжары (Ақтөбе), күміс құрсаулы деңмент белбеуі (Қазалы) бүгінгі ұрпақтың көзайымына айналды. «Толыбай батыр» зерттеу кітабы жарық көрді. Аудан аумағында Жетес би мен Бекмырза ханның ескерткіштері де бой көтеріп, олардың өмірдеректері жайлы жазбалар да жарыса шығарылып жатыр. Спорт кешеніндегі Жалаңтөс баһадүр, Тәуелсіздік алаңындағы Хан ордасы сияқты айтулы ескерткіштер ел есінде мәңгілікке қалады.

Иә, Тәуелсіздік туын көтеруге бар ғұмырын бағыштаған батыр-билер мен ақын-жырауларымыздың өнегелі өмір жолымен жүрген мәдениет пен әдебиетіміздің аралдық тарландары да баршылық. Олар – әлем таныған Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов, қайсар қаламгер Зейнолла Шүкіров, фантаст-жазушы Абдулхамит Мархабаев, ақындар Жарасқан Әбдірашов, Шөмішбай Сариев, Мешітбай Құттықов, жазушы Сайлаубай Жұбатыров, Қазақстанның халық артисі Құдайберген Сұлтанбаев, республикаға еңбегі сіңген қайраткер Мұрат Сыдықов.

Оқырман қауым, жоғарыда айтқандай, айдынды да айбынды Арал аймағының жыл өткен сайын жасарып, айшықтануын түгендеуді уақыт көтермейді. Алдағы уақытта Аралдың мұнан да жарқын болашағын Тәуелсіз елдің перзенттері – ұрпақтарымызбен бірге көруге жазсын.

**Еркін ӘБІЛ,**
**жазушы-журналист,**
**Арал ауданының құрметті азаматы**

## ТҰРЫМБЕТ САЛҚЫНБАЙҰЛЫ – 155

# «ТАЛАЙДЫ ТАМСАНДЫРҒАН ЖЫРАУ ЕДІМ...»

Сыландап аққан Сырдың бойы – небір саңлақтарды тудырып, бесігіне бөлеп, тербетіп, қыранша қияға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс. Осы өлең өлкесінде туып, түлеген өнер тарланы Тұрымбет Салқынбайұлының туғанына биыл 155 жыл толып отыр.

Sb **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,**
**«Сыр бойы»**

Тұрымбет жыраудың басқа замандастарынан ерекшелігі сөз құнарын жаңа заманғы үрдістермен байытуынан байқалады. Ақын шығармаларында діни түсініктер мен ескі ұғымдардан ада терең қазақы дүниетанымдық өлшемдер кеңінен қолданылған. Әсіресе өлеңдерінен сол кезеңмен үндестікті аңғаруға болады. Демек, тұтастай толғаулары публицистикалық сарынға құрылған.

Бала жырау атанған Тұрымбет Салқынбайұлы 1868 жылы Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылында дүниеге келген.

Жыраудың әкесі Салқынбай Сыр бойындағы Қарақұм өңірін жайлаған орта дәулетті кісі болған. Қарақұмда «Салқынбай құмы» деп аталатын ақ шағылды, биік жалды төбе бар. Салқынбайдан Жадыра, Тұрымбет, Қолдабек, Молдабек туады. Тұрымбет жырау бала кезінен домбыра тартып, ән айтқан, сөзге жүйрік болған. Ағасы Жадыра да – үлкен шайыр болған кісі. Бірақ, ол інісінің өнері басым екенін байқап «Бір үйден екі жырау шыққанымыз ерсі болар» деп жолын талантты інісі Тұрымбетке беріпті.

Тұрымбет жырау ескіше оқып, ауыл молдасынан сауат ашады. Одан әрі өз бетінше ізденіп, Шығыс поэзиясының інжу-маржандарымен сусындайды. Жастайынан өлеңді табанда шығарып айтуға шебер болған. Бұған оның Балқы Базар, Дүр Оңғар, Даңмұрын сынды өнер жүйріктерінің соңынан еріп, үлкен сайыстарға қатысуы елеулі септігін тигізеді. Бертін келе бала жырау терме, толғау, т.б. ұзақ жырларды айтумен қатар, Шығыстың қисса-дастандарын мақамына келтіріп орындайды.

Бала жыраудың өнерін Сыр, Ырғыз, Нұрата өңірлеріне белгілі Төребай би Пышанұлы да жоғары бағалаған. Атақты Төребай би Дүр Оңғарды бас ақын деп оң жағына, Тұрымбетті жас ақын деп сол жағына отырғызып, екеуіне де үлкен сый-құрмет жасаған. Алмат би Тобабергенұлының бірде екі араздасқан елді бітістіріп, татуластыру мақсатында халыққа аса әйгілі Дүр Оңғар, Жиенбай, Тұрымбет жырауларды арнайы шақыртып, үшеуіне бір ұйқас, бір ырғақпен өлең айтқызып, сөз салмағын сарапқа салған. Араздасқан ел үш жыраудың сөзінен кейін ақылға келіп, бір-бірімен шұрқырасып көріседі. Сөз құдіретін, киелі өнердің қадір-қасиетін дала билері осылай бағалаған екен.

Тұрымбет жырау кезінде тек Қармақшыда емес, одан тыс Арқаның Ұлытау, Сарысу, батыстағы Ақтөбе, Ырғыз өңірлерін сондай-ақ Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркіменстандағы қазақ ағайындарды жиі аралап жыр айтқан. Сондай сапарларда Сырдың сазын өзіндік ерекше мақаммен орындап, дарынды жырау атанған. Жырау өзінің және Сыр сүлейлерінің терме саздарын кеңінен насихаттаумен бірге, Шығыстың қисса-дастандарын да жалықпай орындайтын шеберлігімен талайды таңдай қақтырған.

«Тұрымбет бала жастан өлең-жырға әуестеніп, оларды жиын-тойда домбыраға қосып, мәпелеп айтатын болғандықтан бала жырау атанған. Содан кейін жиырма жасындаақ, табанда суырып салып айтатын дарынды жыраудың бірі болған» дейді белгілі әдебиет жанашыры, шежіреші Әлқуат Қайнарбаев.

Сыр сүлейлерінің көрнекті өкілі, халық ақыны Қуаныш Баймағанбетов «Сымбатты Сырдың сұлу сүлейлері» толғауында:

– Кетеде Шораяқтың Омары өтті,
Өлгенше өлең-жырды жоғары етті.
Даңмұрын, Ешнияз бен Оңғар жырау,
Тұрымбет бес Бозғылдан бұлар да өтті, –

деп оны топжарған дүлділдердің алдыңғы қатарында атайды.

Оның көптеген өлең, толғаулары жыраулар поэзиясына тән көркемдік тәсілдер мен айшықты нақыштарға толы болған.

Қай дәуірде өмір сүрсе де ақын-жыраулар өз заманындағы қарапайым халықтың мұңын жырлап, жоғын жоқтайды. Тұрымбет жырау өзі өмір сүрген кезде халықтың басына түскен ауыртпашылықтарды отты жырлары арқылы батыл сынайды. Бұған оның «Айттым сөз серлетпекке соңғы ұлыққа», «Қоштайсың бір-біріңді қулар кілең», «Белсенді келінге», т.б. өлең-жырлары дәлел.

Жырау Жеңіс салтанатына арналып Қызылордада өткен үлкен жиынды ашу құрметіне ие болады. Ұстазының осы жиынға арнаған «Шат көңілден» атты толғауын шәкірті Молдахмет Дабылұлы орындайды.

– Мен келген Қармақшыдан қартың едім,
Қарыштап талай жерді шалқып едім.
Ізінде өлең-жырдың жүрген кезде,
Біреуден кем, біреуден артық едім, –

деп басталатын осы термесі үшін оған алты қанат ақбоз үй сыйға тартылыпты.

Бүгінде Қармақшы ауданында Тұрымбет жырау Салқынбайұлы атындағы музыка мектебі жұмыс істейді. Онда шәкірттер түрлі жанрлар бойынша білім алуда. Осы білім ордасында жыраудың ұрпағы Жарқынбек Тұрымбетов терме, толғау айтып, ата жолын лайықты жалғастырып келеді. Бұл атадан балаға мирас болған өнер құндылығының дәріпті жалғасы еді.

Ол көз жұмар алдында Бозарқаштағы өз үйінің шаңырағына қарап жатып, іні-қарындастарына, туыстарына «Қарақтарым-ау, мына үйдің ішінде өлең өріп жүр ғой, теріп алсаңдаршы» деп соңғы аманатын айтып үлгеріпті.

# Шектеулерді сақтауға міндетті

Мемлекеттік қызмет туралы заңнамада мемлекеттік қызметшілерге негізгі міндеттері мен шектеулерді сақтау айқындалған. Бұл талаптар ҚР «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 10-бабында көзделген.

Заңның 13-бабы, 1-тармағы 2) және 3) тармақшаларына сәйкес педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен, кәсіпкерлік қызметпен айналысу, оның ішінде коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейді. Ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға құқылы емес.

Ал Заңның 61-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына сәйкес өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы меншік құқығымен тиесілі үлестерді, акцияларды (акцияны) және пайдаланылуы кірістер алуға әкелетін өзге де мүлікті сенімгерлік басқаруға бермеуі мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуына негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің меншік құқығымен тиесілі мүліктерін сенімгерлік басқаруға беруіне, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналыспауына талдау жұмыстарын жүргізді.

Облыс бойынша «Азаматтарға арналған Үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-дан жаңадан қабылданған мемлекеттік қызметшілердің коммерциялық ұйымдарда жарғылық капиталының үлестері, акциялары және пайлары тіркелгені немесе тіркелмегені туралы ақпарат сұратылды.

Сонымен қатар, облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментіне мемлекеттік қызметке кірген мемлекеттік қызметшілердің тізімі жолданып, дара кәсіпкер ретінде тіркелгені немесе тіркелмегені туралы ақпаратқа сұраныс берілді.

Талдау барысында 407 мемлекеттік-әкімшілік қызметші қамтылып, 4 қызметшінің шектеулерді сақтамағаны анықталды. Соның ішінде, 3 адам коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерін сенімгерлік басқаруға бермеген, 1 адам кәсіпкерлік қызметпен айналысқан.

Талдау анықтаған деректерге сәйкес тиісті шаралар қабылдау жөнінде мемлекеттік орган басшыларына хаттар жолданып, мәселе Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралды. Кеңес шешімімен заң бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік қызметшілердің қандай да бір табыс таппағанын және сенімгерлік басқаруға беретін мүліктері жоқтығы ескеріліп, олардың тәртіптік жауапкершілігін қарастыру ұсынылды.

Мемлекеттік қызметке кірем деуші үміткерлер осы шектеулерді жадында ұстағаны абзал.

**Т.НҰРТАЕВ,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің басқарма басшысы**

Sb
facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz



Спорт күні қарсаңында Қызылорда қаласындағы ипподромда еңбек ардагері Жәнібек Әбдімәлікұлын еске алуға арналған республикалық ат бәйгесі өтті.

# Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда

Жарысты облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашып, ұлттық спортты насихаттаудың өскелең ұрпақ үшін маңызы зор екенін атап өтті. Ж.Әбдімәлікұлының туыстары атынан Ахмет Бөдешұлы ақ батасын беріп, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

Республикалық бәйгенің 6 шақырымға созылған тай жарысында мәреге алғаш келген төрт шабандозға жүлде берілді. Мәреге Жамбыл облысынан Нұржігіт Камилдің «Аңыз» атты тайы бірінші келді. Одан кейінгі орындарды қызылордалық Әлихан Бөрібаевтың «Ураганы», Алматы облысынан Әлібек Нұрғазыұлының «Бұлағы» және ақтөбелік Нұрқат Әдебиеттің «Мерекесі» өзара бөлісті.

Құнан бәйгеге қатысқан шабандоздар 12 шақырымнан тұратын қашықтықты бағындырды. Бұл жолы Алматы облысынан келген Абзал Тұрмыстың «Мамлюгі» мәре сызығын бірінші болып қиып, бас жүлдеге тігілген жеңіл автокөлік табыс етілді. Екінші орын Алматы облысынан Бекзат Ділдәханның «Маржанына» бұйырса, үшінші және төртінші орынға шиелілік Ералы Асудың «Мархабасы» мен ақтөбелік Мирас Жұмалының «Сұңқары» ие болды. Оларға қаржылай сыйлықтар берілді.

Ипподромға жиналған жұртшылық 24 шақырымға созылған аламан бәйгені қызыға тамашалады. Қызылордалық Дәман Қалидің «Аққөзі» өзге жүйріктерден озық келді. Оған бас жүлдеге тігілген «Нива» автокөлігі табысталды. Одан кейінгі орындарды жамбылдық Лесбек Молдасханның «Талисманы» мен қызылордалық Арнұр Саматұлының «Самалы» еншіледі.

**«СБ» ақпарат**

# Қызылордалық шабандоз «Qazaq Derby» бас жүлдесін ұтты



Елімізде ұшқыр бәйге жарыстары дамып келеді. Биыл 1 мамырда классикалық ат жарыстарының «Qazaq World Cup» турнирі бастау алды. Оны Ұлттық спорт қауымдастығы, Алматы облысының әкімдігі, республикалық «Бәйге» федерациясы, «Қазақ жокей клубы» қоғамдық ұйымы ұйымдастырған. Турнир 12-мәрте өткізіліп, 15 қазанда қорытындыланады.

Алматы қалалық ипподромында болған республикалық «Qazaq Derby» жарысында Сыр елінің 23 жастағы жокейі Бақытжан Шыңғысхан Орынбасарұлы бас жүлдені жеңіп алды. «Уэст Кост Найт» атты американың жылқымен 2400 метр қашықтықты 2 минут 37 секундта бағындырып, қарсыластарынан көш ілгері келді. Бас жүлде 3 000 000 теңге. Бапкері – Петр Карабельников. Жылқы иесі – «Қарабай» шаруа қожалығы.

Бақытжан Шыңғысхан Сырдария ауданы Ширкейлі ауылында дүниеге келген. Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебінде білім алған. Әрі қарай білімін Абылайхан атындағы жоғары колледжінде жалғастырып «Төтенше жағдайдан қорғану» маманы атанған. Дегенмен, жастайынан қаламыздағы ипподромда жаттығып, ат спортына жан-тәнімен берілген ол бұған дейін де бірнеше бәйгеде жүлдегер атанды. Шабандоз шыңдала түсу үшін 2019 жылы Алматы қалалық ипподромында жаттыққан. 2020-2021 жылдары Ресейдің Пятигорск қаласында мамандармен жұмыс жасап, бірнеше рет бәйгелі болған.

Өткен жылдан бері елде ұшқыр бәйгенің дамуына үлес қосып жүр. Республикалық жүлдені жеңіп алған жокей енді шетелдерде Қазақстан атынан бақ сынайтын болады.

«Елімізде ұшқыр бәйгенің жаңа деңгейде дамып келе жатқаны қуантады. Өзге елде туған жерінің атынан бақ сынау – үлкен бақыт. Ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін!» дейді ол.

Айта кетейік, бұған дейін жокей «Qazaq World Cup» турнирі аясында «Сынақ», «Спринтерский» және «Арагона» жүлделерін жеңген еді.

**Нұрай ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ**

# АРДАГЕРЛЕРМЕН ДӘСТҮРЛІ АҚЫЛДАСТЫҚ

Шиелі ауданы әкімі Нұржан Ахатов аудан ардагерлері және қоғамдық кеңес мүшелерімен жиі пікірлесіп, Шиеліні одан әрі өркендету барысында пікірлесіп тұрады. Жуырда осындай мәнді кездесу Ардагерлер үйінің ашық ауласында өткізілді.

Жиын барысында аудан әкімі қазіргі атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде қысқаша баяндап, алдағы кезек күттірмейтін шаруалар туралы ардагерлер пікіріне ден қойды. Түрлі ұсыныстар айтылды. Аудан басшысы тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

Мәселен осы жолы Әл Фараби көшесіндегі жол белгілерін жаңалау және осы көшедегі (кіреберіс) көпірге күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру, кенттегі Т.Рысқұлов 19 үйді (ескі білім бөлімінің ғимаратын) бұзып, орнына саябақ салу туралы айтылды. Ортақ қорымды Алмалы елді мекені маңына ауыстыру және жаңа қорымның сызбасын сызып, үлгісін ұсыну, әнші-сазгер Шолпан Жанболатқызының шығармалары мен мұраларына зерттеу жасап, (негізгі мұралары Ташкент қаласында) кент орталығынан ескерткіш-белгі салу мәселелері сөз болды.

**Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.**
Шиелі ауданы

Көктем-жаз айлары – Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының эпидахуалы күрделенетін кезең. Кенелердің жаппай табиғатқа шығу уақыты қыс айларының жылы болуына байланысты наурыз айынан басталды. Қауіпті дерттен тұрғындарды сақтандырып, алдын алу үшін ақпараттандыру жұмыстарын күшейтудің маңызы зор.

# Сақтық шаралары маңызды

Табиғатта, таза ауада тынығушыларға, саяжайда жұмыс жасаушыларға, малды күтіп-баптаушыларға, жеміс-жидек терушілерге абай болуын ескертеміз. Кенеден қауіп сәуір айынан қазан айына дейін созылады.

Табиғат аясына демалуға, балық аулауға барғанда, саяжайларда жұмыс істегенде сақтанудың қарапайым шараларына ерекше назар аудару керек. Табиғат аясына барғанда жеңі ұзын, ашық түсті көйлек киіп, жағасын, жеңін түймелеп, етегін шалбарға салып, шалбардың балағын шұлыққа немесе аяқ киімнің ішіне салып, басқа орамал байлау керек. «Тайга», «Лесная» сияқты майлы заттарды қолдану қажет, сонымен қатар өткір иісті әтір сулар мен дезодаранттты да сеуіп алуға болады. «Креолин» және «Лизол» сияқты май дәрілерінің ерітінділерін түнде жататын жерді, мал қораларды өңдеуге қолданған жөн.

Дененің ашық жерлеріне, киімге кенені жолатпайтын заттарды («ОФФ», «Тайга», «Лесная» «Антиклещ-Пикник», «ДЭТА» және т.б.) репелленттерді жағу керек. Сондай-ақ әрбір 2-3 сағат сайын киімді, желке мен құлақтың түсын, қолтық пен шаптың маңайын мұқият қарап жабысқан кене болса, абайлап алған жөн. Табиғатқа демалуға достарыңызбен барғанда, қалың шөбі, бұтасы аз, күннің көзі көп түсетін ашық жерлерге жайғасу керек.

Кененің адамдарға ең көп шабуылдайтын уақыты таңғы сағат 8-ден 11-ге дейін және кешкі сағат 17-мен 20-ның аралығы. Күн ыстықта 11-ден 17-ге дейін белсенділігі төмендей түседі. Кенелер химиялық заттардың иісіне өте сезімтал келеді. Жоғарыда аталған табиғи ерекшеліктерін есте сақтаған дұрыс.

Қадалған кенені жіптен жасалған ілмекпен немесе пинцеттің көмегімен мыжымай, еппен қысып ұстап қатты арлы-берлі қозғалтпай, жылдам алып тастаған жөн. Алынған кенені ыдысқа салып сараптама орталығына апарып, тексертіп алған дұрыс. Ыстық суға салып немесе жанып жатқан отқа өртеу керек.

***Жәмила МАХМУТОВА,***
**№4 қалалық емхананың салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы**

ӘҢГІМЕ

# Аққу көрген күн



Елге танымал әнші теледидардан «Гауһартасты» орындап жатқан. Сол сәт өткен күндер ойына орала берді де, Әсияның есіне Асылбек түсті. Бұдан екі жас үлкендігі бар, әрдайым өзінен кішілерге қамқорлық көрсетіп жүретін, елгезек бала әнші болатын. Бір жылы жазда «Аққешпедегі» күріштікте көрші отырғандары бар. Ол кезде дихан қауым жеңілдене көшіп, егін алқабының жағасына барып, киіз үй тігетін. Осы жердегі бес үйдің бірі – Жантас бригадирдікі. Асылбек – қырықтың қырқасынан асқан Жантастың екі қызынан кейінгі жалғыз ұлы. Қыздардың екеуі де қалада жоғары оқу орындарында оқиды. Ештеңеден таршылық көрмей өсіп келе жатса да, Асылбек барынша еңбекқор екен.

– Шаруашылық бәрібір біреулерге қаражат төлеп, күрішті арамшөптерден арылтады ғой, босқа жүргенше қолғабыс берейік, – деп үгіттеп көндірді де, күріштікке осы үйлердегі алты-жеті оқушыны бастап шықты. Ертеңгі және кешкі салқынмен ғана жұмыс істейді, қалған уақыт ойнауға да, демалуға да жетіп жатыр. Асылбек биыл оныншы, Әсия сегізінші сыныпқа барады. Асылбектің орақ орғанын көрсеңіз! Бар бала жабылып бір атызды арамшөптен тазартқанда, ол бір өзі бір атызды қағып тастайды. Сөйтіп жүріп ән салатынын қайтерсің... Әсия алғашында мән бермеген, сөйтсе дауысы барқыттай жұмсақ, ал әннің қайырмасын сызылтып қайырғанда, тыңдамасқа амалы қалмайтын, әсіресе «Гауһартасты» шырқағанда:

– Ажарың ашық екен
атқан таңдай!
Нұрлы екен екі көзің
жаққан шамдай!
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай,

– деп баяу бастап, «Беу-беу, Гауһартас» деп көтергенде орақты қоя салып, қыз әнге бар ықыласымен құлақ түретін.

Бір күні сәскелікте егін басынан қайтып келе жатқан. Төбеде жақын ұшып бара жатқан үлкен екі ақ құсты көріп, балалар шулап қоя берді. Себебі, мұндай құсты ең алғаш көрулері еді...

– Мыналар аққулар ғой, бұл жаққа бұрын келмейтін, – деп Асылбек сәл аңырып тұрғанда құстар бірте-бірте «Мақпал» көліне қарай төмендей берді.

– Әне-әне қонды, – деп солай қарай жүгіре жөнелген. Соңынан балалар ерді. Көл жиегіне жақындай берді де, жер бауырлап жата қалды. Бір қолын төмен басып, соңындағыларға «жатыңдар» дегендей белгі берді. Біршама уақыттан соң бастарын қылтита көтеріп, көл жаққа көз тастаған балалар ақ айдынның қақ ортасында бірін-бірі жаңа көргендей тұмсықтарын түйістіріп, қыбырсыз отырған манағы екі аппақ құсты жазбай таныды. Арасында келіп, салқын суына шомылып жүрген дөңгелек көл бүгін тым жарқырап кеткендей еді...

– Құс деп аққуларды айт, бірін-бірі қалай қадір тұтады?!

Суреті болмаса, туды-бітті аққу көрмеген Әсия осылай айтып қалғанын өзі де аңғармады білем... Бір сәт жалт бұрылған Асылбек қыздың мөлдіреген жанарына көзі түсіп, кідіріңкіреп қалды да:

– Аққу жайлы әңгіме бөлек, мына алдымыздағы көлдің неге «Мақпал» аталғанын білесің бе, Әсия? – деп сұраған. Қыз үндей қоймағасын өз сұрағына өзі жауап бере бастады:

– Ертеректе осы төңіректі мекен еткен бір байдың қызының аты Мақпал екен. Көрікті, бет біткеннің ажарлысы болса керек. Бірақ, не пайда атастырылып қойған соң?! Бойжете келе әлгі жігітін ұнатпай, жалғыз атты бір серімен көңіл жарастырыпты. Азды күн кездесіп жүреді де, ақыры екеуі бір түнде қашады. Алайда көп ұзамай қолға түсіп қалады. Сүйгенінен тірідей айырылған Мақпал қыз осы көлге суға кетіп өлген дейді. Халық кейін бұл көлді «Мақпал» деп атап кетіпті...

– Шын солай болған ба? – деп жетіншіге баратын Ұлбосын көзін сулады.

– Аңыз осылай қалған, – деді Асылбек.

Келесі күні балалар қос аққуды көрмекке көлге келгенде, олар болмай шықты.

Жантас бригадир жазған еңбеккүнге біраз ақша тиіп, ата-аналарының қалтасына салмақ салмай, жаңа киімдер және оқу құрал-жабдықтарын сатып алып балалар мектепке келді. Көпке дейін Әсияның есінен аққу көрген күн шықпай қойған. Оның үстіне Асылбектің арамшөптерді орып жүріп «Ажарың ашық екен атқан таңдай, нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай. Анаңнан сені тапқан айналайын, күлімкөз, оймақ ауыз, жазық маңдай, беу-беу Гауһартас» деп созған әсем қоңыр үні құлағынан кетпеді.

...Әсиялар он бірінші сыныпты аяқтап жатқанда, Асылбек әскери борышын өтеп қайтқан. Мектеп бітіру кешіне шақырылған, сымдай тартылған ұзын бойлы, аққұба жігітке қыздар жағы көз астынан ұрлана қарай берген. Кеш өте көңілді өтіп жатты. Бір рет ол Әсиямен вальс билеген. Мектеп бітірушілер Асылбектен «Гауһартасты» орындап беруін өтінді. Ол тартынған жоқ. Ән салып тұрғанда Әсия екеуінің жанарлары бірнеше рет түйісті.

Кеш аяғында екеуі бірге шықты. Оңынан туған сүттей жарық ай ақ көйлекті жас арудың арманын алысқа жетелегендей еді. Сыныптастарына да бөгелмеді, Асылбекке ере берді.

– Мен әскерге кетіп бара жатқанда кішкентай едің, – деді Асылбек.

– Одан бері екі жыл өтті емес пе?!

Қыз кәдімгідей салмақты жауап қатқан.

– «Кішкентай қыз өспей ме, көкейіңді теспей ме?» – деген бар екен ғой.

– Шындығы солай болып тұр ма?

Жігіт жауаптан жалтарды ма:

– Қандай оқуға барасың, Әсия? – дей салды.

– Үйдегілер қыз баланың қолы мұғалімдік ғой деп отыр. Ал өзің ше?

– Маған әкем: «Консерватория деген не, әртіс боласың ба? Сені зоовет институтқа өзім жетектеп апарамын, ветврачтық оқу оқисың», – дейді.

Екеуара әңгіме үзіліп кетті. Арттарынан қыздың сыныптастары жеткен. Топ-топқа бөлініп, ауыл сыртындағы «Қалғандария» өзекшесін бетке алды олар. Арайлы таңды өздерінен бұрынғы мектеп бітіргендердің әдеті бойынша бұлар да өзен жағасында қарсы алмақшы.

Ата-анасының айтқанын тыңдап, облыс орталығындағы педагогикалық институтқа келген Әсия жаратылыстану бөлімінің студенті атанды. Бес жыл оқыды. Бітіріп келіп, өзі ұшқан білім ұясына мұғалім болды. Көп ұзамай Асылбектің құрдасы, автомеханик Бектемірге тұрмысқа шыққан. Бүгінде үш баланың анасы, ұлағатты ұстаз.

Әкесінің дегені болып, Асылбек Алматының зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсті. Студенттік жылдарында институттың көркемөнерпаздар үйірмесін басқарады. Өнерден қол үзбей, бірнеше рет ән байқауларының жүлдегері атанған. Оқуын аяқтап, жолдамамен Жезқазғанның бір ауылына барған ол сол ауылдың Меңтай деген бір сұлуымен шаңырақ көтерген. Бертінірек елге оралып, аудан, облыс көлемінде басшы қызметтерде болды.

Бір жылы ауылға жолы түсіп, өзі оқыған мектебіне кіріп шыққан. Ол сонау жылғы аққу көрген күнді де, «Гауһартасты» да ұмытпаған екен. Әсиядан «Мақпалдың» табанында су бар ма?» деп сұрапты.

**Темірбек ЕСЖАНОВ**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 22671 Тапсырыс №1329 Кезекші редактор Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ